# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

## 2025 жылғы 19 қараша

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимін қосыңыздар.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92, «жақтағандар» – 91, «дауыс бермегендер» – 1. Күн тәртібі бекітілді.

Енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшейік.

Бірінші мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы депутат Аймағамбетов Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Қадірлі әріптестер! Бұл заң жобасы Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленді. Ол қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғауға, сондай-ақ өндірістегі қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіруге бағытталып отыр.

Осыған орай комитет атаулы заң жобасын жұмысқа қабылдауға және ол бойынша тиісті қорытынды әзірлеуге дайын. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92, «жақтағандар» – 92. Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «1996 жылғы 16 қаңтардағы (Күн Хижрасы бойынша 1374 жылғы 26 дей) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы депутат Савельева Татьяна Михайловнаға беріледі.

САВЕЛЬЕВА Т.М. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Аталған заң жобасы Мәжіліске 2025 жылғы 31 қазанда Үкімет қаулысымен енгізілді.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы 2025 жылғы 15 ақпанда Тегеранда қол қойылған келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялауды көздейді.

Изменения связаны с присоединением Казахстана к проекту ОЭСР БЭПС «План мер по внедрению глобальных налоговых правил по противодействию размыванию налогооблагаемой базы и выводу прибыли из-под налогообложения».

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша тиісті мерзімде қорытынды әзірлеуге дайын. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Татьяна Михайловнаға сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 91. Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым).

Баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы депутат Аймағамбетов Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы, қадірлі әріптестер! Ұсынылған заң жобасы жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға арналған маңызды қадам. Еңбек заңнамасында жұмысшылардың құқығын толық қорғамайтын олқылықтар көп. Осындай олқылықтарды жою үшін біз арнайы түзетулер әзірледік. Негізгілеріне тоқталайын.

Бірінші – азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар проблемасы.

Мәселе неде? Елімізде көптеген жұмыс берушілер қаржысын үнемдеу және әлеуметтік кепілдіктерден жалтару үшін еңбек шартының орнына азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасуды әдетке айналдырды. Жұмыскер жұмыс тәртібіне бағынады, жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді, бастығы бар, бірақ қағаз жүзінде ол қызметкер емес, мердігер болып табылады.

Бұл неге қауіпті? Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан жұмыскер әлеуметтік кепілдіктерден айырылады. Ол еңбек демалысына шыға алмайды. Әйелдер де жүктілікке байланысты демалысқа шыға алмайды. Зейнетақы жарнасы аударылмайды. Медициналық сақтандыруы болмайды.

Енді біз бұған нақты тосқауыл қоямыз. Егер қарым-қатынаста еңбек шартының кем дегенде бір белгісі болса, онда азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасуға тыйым салынатын болады. Нәтижесінде он мыңдаған адам толыққанды әлеуметтік кепілдіктерге ие болады. Біз оны қамтамасыз етеміз.

Екінші – бір лауазыммен бір мамандық бойынша жұмыс істейтіндердің жалақысындағы алшақтық мәселесі.

Бір кәсіпорында бірдей лауазымда, бірдей функцияны атқаратын қызметкерлердің жалақысында бірнеше есе айырмашылық болмауы тиіс. Алайда қазіргі заңнамада бұл мәселе толық реттелмеген. Сондықтан осындай әділетсіздік жиі кездеседі.

Мысалы, бірдей жұмысты атқарып, бірдей талаптарға сай келетін шетел мамандары мен жергілікті мамандар арасындағы жалақылары бойынша алшақтық проблемасы бар. Біз оны жақсы білеміз.

Сондықтан біз ұжымдық шартқа бір лауазым ішіндегі ең жоғары және ең төменгі жалақының айырмашылығын міндетті түрде белгілеу туралы норманы ұсынып отырмыз. Бұл норма еңбекақы төлеудегі әділдік үшін қажет деп санаймыз.

Үшінші – еңбек даулары кезіндегі жұмыскердің мүддесін қорғау мәселесі.

Қазір өндірісте жазатайым оқиға болса, оны тергейтін комиссияны жұмыс берушінің өзі құрады, өзі басқарады. Сондықтан көп жағдайда тергеу субъективті өтіп, жұмысшы немесе оның отбасы әділдік таппайды, сенімсіздік пайда болады.

Сондықтан біз тергеу процесін объективті ету мақсатында комиссияның құрамына тәуелсіз тараптарды – медиаторларды және оның туыстарын немесе адвокатын қосуға мүмкіндік беріп отырмыз.

Егер тергеу ашық болса, оған бірнеше тараптар қатысса, бұл тергеу әділірек өтіп, қарапайым жұмыскердің дауысы ескерілетін болады деп санаймыз.

Төртінші – өндірістік жарақаттың дәрежесін анықтау мәселесі.

Мысалы, жұмысшы жарақат алды делік. Оның қаншалықты ауыр екенін дәрігерлер қалай анықтайды? Сіздер таңғаласыздар, дәрігерлер сонау 1994 жылғы, яғни ескірген әдістемелік ұсынымдарды пайдаланудa. Ал бұл заң да, нормативтік құжат та емес.

Проблема неде? Проблема нақты, бірыңғай стандарттың жоқтығында.

Мысалы, бір жарақатты бір қалада «ауыр» десе, екінші қалада оны «жеңіл» деп бағалай салуы әбден мүмкін. Ал жарақат алған сол жұмысшының алатын өтемақысының мөлшері дәл осы медициналық қорытындыға тікелей байланысты.

Шешу жолдары қандай? Біз бұл құқықтық олқылықты жоятын боламыз. Денсаулық сақтау министрлігіне өндірістік жарақаттың дәрежесін анықтайтын нақты, бірыңғай

қағидаларды бекіту құзыретін береміз. Мысалы, Франция, Канада сияқты елдерде бұл әлдеқашан стандартқа келтірілген мәселе. Нәтижесінде дау-дамай азайып, әрбір жұмысшы жарақатына сай әділ өтемақы алуына мүмкіндік туады.

Бесінші – бар кінәні жұмысшыға жабу проблемасы.

Мәселе неде? Ашығын айту керек, қазір бір оқиға болса, комиссия көбінесе барлық кінәні жұмысшыға аудара салуға тырысады. Қауіпсіздік техникасын сақтамады деп кінәнің 50 пайызын, тіпті 70 пайызын жұмысшының өзіне жаба салады. Нәтижесінде денсаулығынан айырылған жұмысшы тиесілі өтемақысынан да қағылады. Сондықтан қызметкердің өрескел абайсыздығы анықталған күннің өзінде оның жауапкершілігін 25 пайыздан асырмауымыз керек.

Бұл норма зардап шеккен қызметкерді қорғау үшін өте маңызды. Сонымен қатар бұл жұмыс берушінің жауапкершіліктен қашпай, қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға ынталандыру үшін маңызды тетік деп санаймыз.

Құрметті әріптестер! Заң жобасында бұдан да басқа маңызды әлеуметтік нормалар қарастырылып отыр. Атап айтқанда, біз бұл заң арқылы әкелердің де құқығын қорғап отырмыз. Қазіргі қолданыстағы жүйеде егер жұмыссыз ана үш жасқа дейінгі бала күтімімен үйде отырса, бұл кезең оның еңбек өтіліне есептелінеді. Алайда дәл осы құқық бүгін әкелерге берілмеген.

Біз осы теңсіздікті жоюды ұсынып отырмыз. Әкелердің де бала күтіміне шығу фактілері бүгінгі күнде бар екенін біз жақсы білеміз. Осы заң қабылданған жағдайда енді әкелерінің де еңбек өтіліне қосылатын болады.

Бұл тек әлеуметтік әділеттілік емес, сонымен қатар қоғамдағы отбасылық рөлдер мен ата-аналық жауапкершіліктің теңдігін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам деп санаймыз.

Қорытындылай келе, біз ұсынып отырған әрбір норма тек заңдық түзету емес, бұл әділдікке деген үлкен қадам.

Сондықтан заң жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшейік.

Депутат Ерубаев Серік Сәрсенұлы.

ЕРУБАЕВ С.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Маратұлына.

Жұмыс беруші мен жұмыскер арасында еңбек дауы туындаған жағдайда еңбек дауларын реттеу мақсатында заң жобасы аясында Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес ортаға делдал тартуға бағытталған норма қарастырылған.

Бірінші. Делдал бола алатын тұлғалар кімдер және оларға қандай талаптар қойылады?

Екінші. Делдалдың өкілеттігін атап өтсеңіз.

Үшінші. Егер дау жұмыс беруші мен ұжымның арасында болса, осы делдалдарды тартуға бола ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Маратұлы Ертаев.

ЕРТАЕВ А.М. Сұрақтарыңызға рақмет.

Жеке еңбек дауын қарау кезінде келісім комиссиясының жұмысына делдалды тарту бойынша заңның 159-бабына депутаттардың ұсынған түзетуі Үкімет қорытындысымен қолдау тапты.

Делдалдарға талаптар қойылады.

Біріншіден, ол қызметкер мен жұмыс берушіге тәуелсіз жеке немесе заңды тұлға болады. Жеке тұлғалар – заңгер, медиатор. Заңды тұлғалар – медиация орталықтары, заң фирмалары, консультациялық компаниялар.

Екіншіден, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы дауға делдалды тарту үшін олардың жазбаша келісімі болуы керек. Егер олардың келісімі болмаса, онда делдалды тартуға болмайды.

Делдалдың негізгі критерийлері – тәуелсіздік, бейтараптық, келісімнің болуы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлы.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым баяндамашыға және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Құрметті Асхат Қанатұлы! Бұл өте маңызды заң жобасы, жеке өз басым қолдаймын.

Бірінші. Бүгінгі таңда Еңбек кодексінің 157-бабында ұжымдық шартқа жалақыны индексациялау тәртібі мәселесін енгізу мүмкіндігі көзделген. Өзіңізге мәлім, депутаттар аталған заң жобасына бастамашылық еткен кезде жалақыны жыл сайын міндетті түрде индексациялау тетігін енгізуді ұсынған еді. Алайда келісу барысында, өкінішке қарай, бұл норма Үкімет тарапынан қолдау таппай, заң жобасынан алынып тасталды.

Құрметті Асхат Қанатұлы, бұл өте маңызды мәселе, сондықтан алдағы уақытта басқа заң жобаларын қарау барысында бұл мәселені қайта көтеру жоспарда бар ма? Осы түйткілді қандай тетіктер арқылы шешу керек деп есептейсіз?

Екінші сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Асқарбек Маратұлы, егер ұсынылған норма қолдау таппаса, ал қолданыстағы норма іс жүзінде жұмыс істемесе, жыл сайынғы жалақыны арттыру мәселесі бойынша сіздің министрлік жұмыс берушілерге қалай ықпал етпек? Рақмет.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Рақмет, құрметті Жанарбек Садықанұлы.

Дұрыс айтасыз, ескі кодексте индексация бойынша дәл осындай норма болған, бірақ жаңа кодексте ондай норма жоқ. Сондықтан біз, заң жобасына бастамашы болған бір топ депутаттар, осындай норма ұсынған болатынбыз. Бірақ бұл бойынша пікірталастар болды,

жұмыс берушілермен де бірнеше рет кездестік. Нәтижесінде Үкіметтің қорытындысында бұл норма қолдау таппады. Дегенмен бұл мәселе күн тәртібінде әлі де қала береді, әлі де талқылаймыз, өйткені индексация маңызды мәселе. Кем дегенде оны ұжымдық шарттың шеңберінде міндетті түрде қарастыру мәселесіне, мүмкін, болашақта қайтып келуге болатын шығар. Бірақ қазіргі кезде шешім осындай. Рақмет.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Маратұлы Ертаев.

ЕРТАЕВ А.М. Сұрағыңызға рақмет.

Қазір ұжымдық шартта ондай міндетті норма жоқ, бірақ индексация жасау бойынша екіжақты келісім болса, оны жасауға болады деген норма бар. Қазір біз оны пысықтап жатырмыз. Бірақ «Paryz» конфедерациясы, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы жұмыс берушілердің барлығы индексацияны жасай алмайды деген мәселені көтеріп жатыр. Ол бойынша талқылау, пысықтау жұмыстары жүргізілуде. Мәселе біздің бақылауымызда. Талқылап біткеннен кейін ол мәселені Парламентте қарастыруға болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлы, индексациялау ұжымдық шартта болмай ма?

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Ерлан Жақанұлы, қазіргі кезде ол ұжымдық шартта міндетті емес, бірақ екі тарап қарастырып, шартқа енгізуге болады деген мәселе бар

Индексация мәселесі бойынша бапта екі норма бар. Біріншісі – ұжымдық шартта міндетті болуы керек, қаралуы керек. Екіншісі – ұжымдық шартта карауға болады. Біз «қарауға болады» дегенді «қаралуы керек» дегенге ауыстыруды ұсынғанбыз. Ұжымдық шартты дайындағанда міндетті түрде осы мәселені бірге қарастыру керек. Бұл мәселе бойынша әлі пікірталас жүріп жатыр. Жұмысты жалғастырамыз.

ТӨРАҒА. Енді түсінікті.

Депутат Қалықов Арман Қобыландыұлы.

ҚАЛЫҚОВ А.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресуется представителю Министерства труда и социальной защиты населения.

Как вы знаете, сегодня работодателями широко на практике используется заключение договора гражданско-правового характера, который работники зачастую принимают за трудовой договор.

В целях защиты трудовых прав работников депутатами предложено установить ограничение на заключение договора с физическим лицом гражданско-правового характера, если в нем имеются признаки трудовых отношений.

Мы поддерживаем эту норму, она позволит сократить теневую занятость, а также обеспечить гарантию сохранности социальных и трудовых прав работника.

Вместе с тем прошу пояснить, в каких случаях договоры гражданско-правового характера будут признаваться трудовыми договорами? Какими же все-таки отличительными признаками должен обладать трудовой договор?

ТӨРАҒА. Министерство труда и социальной защиты населения. Аскарбек Маратулы, Вам вопрос.

ЕРТАЕВ А.М. Спасибо за вопрос.

Сегодня Трудовым кодексом предусмотрено отличие трудового договора от иных видов договоров, статьей 27 которого предусмотрено три подпункта: первый – выполнение работником работ и функций по определенной квалификации и специальности, второй – выполнение обязательств с личным подчинением руководству, третий – получение работником заработной платы.

Как этот порядок будет осуществляться?

Первое. Работодатель должен сам проверять гражданско-правовые договоры на соответствие этой статье, должен заключаться только трудовой договор.

Второе. Контроль со стороны государственных органов будет осуществляться инспекциями по труду. У нас есть единая система учета трудовых договоров, в которую работодатель погружает договор ГПХ. У нас в системе имеется уже порядка 300 договоров ГПХ, мы проводим по ним мониторинг. Если инспектор по труду увидит, что договор имеет признаки, отличающие его от трудового договора, обязательно идет предписание работодателю о том, чтобы он перезаключил договор на трудовой договор. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Нұрым Гүлдара Алданышқызы.

НҰРЫМ Г.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрағым Денсаулық сақтау министрлігінің өкіліне.

Асхат Қанатұлы баяндамасында атап өткендей, ұсынылған нормаларға сәйкес Денсаулық сақтау министрлігіне өндірістік жарақаттардың ауырлық дәрежесін айқындау қағидаларын бекітуі көзделген. Біз бұл норманы қолдаймыз. Өйткені бүгінде дәрігерлер денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын бағалау кезінде әртүрлі әдістемелерді қолданады. Бұл өз кезегінде түрлі әлеуметтік төлемдердің мөлшеріне әсер етеді.

Өндірістік жарақаттардың ауырлық дәрежесін айқындау кезінде қандай негізгі критерийлер қолданылады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сламжанұлы, жауап беріңіз.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ Т.С. Сұрағыңызға рақмет.

Зардап шеккен адамның денсаулығына келтірілетін зақымның сипаты мен ауырлық дәрежесі, сонымен қатар өлімнің себебі туралы медициналық қорытынды Еңбек кодексінің 187-бабына сәйкес беріледі. Жарақаттың ауырлық дәрежесі медициналық қызметкерлермен айқындалады. Қажетті критерийлер бар. Ол методологиялық ұсыныстар. Критерийлер

клиникалық хаттамаларда белгіленген. Сол критерийлердің негізінде ауырлық дәрежесі жеңіл, орташа немесе ауыр деп жіктеледі.

Сонымен қатар айқындау барысында зақымданудың сипаты, оның өмірге қауіптілігі, денсаулықтың бұзылу ұзақтығы, еңбекке қабілеттілігін жоғалтуы еңбек заңнамасында жазылған. Өндірісте жарақат алған қызметкерлерге тиісті өтемақыны тағайындау үшін жарақаттың ауырлық дәрежесін анықтау тәртібімен белгіленген. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Казанцев Павел Олегович.

КАЗАНЦЕВ П.О. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос представителю Министерства труда и социальной защиты населения.

Встречаясь с разными трудовыми коллективами, нам часто задают один и тот же вопрос: большая разница между размерами заработных плат руководящего состава и рядовых работников. Как мы знаем, эта разница иногда составляет не в разы, а на порядки. Естественно, это очень чувствительный вопрос для людей.

Теперь обращаемся к законопроекту, согласно которому коллективный договор дополняется новыми обязательными условиями в части установления допустимого соотношения между максимальными и минимальными размерами заработной платы по соответствующей профессии и должности в организации.

Прошу представителя министерства пояснить, правильно ли я понимаю, что предложенная норма не будет решать проблему диспропорции в оплате труда между руководством и работниками?

Как будет рассчитываться указанное соотношение заработной платы, какие будут приняты критерии за основу? Рақмет.

ТӨРАҒА. Министерство труда и социальной защиты населения. Аскарбек Маратулы, пожалуйста.

ЕРТАЕВ А.М. Спасибо за вопросы.

В целом поправка направлена на исключение диспропорции в организации, она допускает соотношение между максимальной и минимальной заработной платой по соответствующей профессии, должности в организации. Если это одинаковая профессия, соответственно, не должно быть диспропорции, должна быть у обоих соответствующая заработная плата.

Поправка предусматривает устранение дисбаланса в заработных платах работников. Минимальные и максимальные размеры будут устанавливаться исходя из финансовых возможностей предприятия и определяться сторонами (работодатель и работник) самостоятельно.

Будет использована международная практика – это индекс Кейтца. Также в международной практике есть соотношение, где коридор между минимальной и максимальной заработной платой составляет от 0,4 до 0,6 процента. На основе этого подхода стороны коллективного договора определяют минимальную заработную плату, при этом она должна определяться на каждый разряд. Например, если слесарь имеет пять

разрядов, то на первый, второй, третий и четвертый разряды определяются соответствующие заработные платы. Максимальный размер устанавливается через фиксированное соотношение.

Такое соотношение «минимум – максимум» в коллективном договоре приведет к устранению диспропорций в заработной плате. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Казанцев. Второй раз.

КАЗАНЦЕВ П.О. Вы повторили мой вопрос, только в утвердительной форме, потом привели положения из коллективного договора. Я работал в профсоюзе и наизусть знаю эти вещи.

Вопрос касается следующего: будет ли способствовать эта поправка устранению диспропорции в оплате труда между руководством и работниками в организации? Ответьте, пожалуйста, на этот конкретный вопрос. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, еще раз включите микрофон первого вице-министра труда и социальной защиты населения.

ЕРТАЕВ А.М. Спасибо за вопрос.

В организациях есть четкое градирование должностей. Руководитель, как правило, занимает верхнее звено, у него своя сетка, ниже идут его заместители, на каждом уровне будет определяться соответствующая заработная плата (минимум, максимум). В любом случае будет разница между заработными платами руководства и рядовых работников.

ТӨРАҒА. Был же конкретный вопрос.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Можно я отвечу?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Асхат Канатович.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Уважаемый Павел Олегович, мы как авторы заложили здесь другой смысл.

Что касается Вашего вопроса, коротко отвечаю «нет». Мы здесь преследовали задачу, что у нас есть некоторые предприятия, где есть специалисты одной должности, получающие разные заработные платы при выполнении одних и тех же функций. Ваше предложение мы готовы до второго чтения дополнительно проработать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Құспеков Олжас Хайроллаұлы.

ҚҰСПЕКОВ О.Х. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован докладчику и Министерству труда и социальной защиты населения.

Уважаемый Асхат Канатович, как Вы отметили в своем докладе, в рамках законопроекта в целях обеспечения равенства прав предлагается норма по зачету стажа для начисления пенсии за время фактического ухода за ребенком неработающего отца. Сегодня такое право предусмотрено только для матерей, когда при начислении им пенсии засчитывается до 12 лет времени ухода за ребенком.

Принимая такую норму, не спровоцируем ли мы массовый выход в декрет отцов, к примеру, из числа военнослужащих, государственных служащих и других категорий?

Вопрос Министерству труда и социальной защиты населения. Поясните, как на практике будет подтверждаться фактическое время ухода за ребенком у отца?

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Спасибо за вопрос, Олжас Хайроллаевич.

Надо признать, что сегодня возможность выхода в декрет для отцов законодательно предусмотрена, это уже свершившийся факт, но здесь есть дискриминация, когда матери при уходе за ребенком засчитывается стаж до 12 лет, а отцам при выходе в декрет не засчитывается, поэтому мы сейчас меняем эту дискриминационную норму. Те, кто мог выйти в декрет, уже вышли, поэтому мы массового оттока не прогнозируем. В целом это уравнивает права мужчин и женщин в этом конкретном вопросе. Спасибо.

ТӨРАҒА. Аскарбек Маратулы.

ЕРТАЕВ А.М. Спасибо за вопрос.

Если разрешите, хотел бы дать ответ в письменной форме.

ТӨРАҒА. Депутат Ким Вера Александровна.

КИМ В.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

На первую часть моего вопроса, кто будет принимать решение о признании гражданско-правового договора трудовым, представитель Министерства труда и социальной защиты населения уже ответил. В то же время хотела уточнить, какие последствия повлечет такое признание для работодателей.

Также прошу пояснить, будет ли работодатель обязан возместить все непроизводственные и социальные платежи по временной нетрудоспособности, а также предоставить оплачиваемый трудовой отпуск и обеспечить уплату пенсионных взносов, взносов в ОСМС за весь период, в течение которого фактически существовали трудовые отношения? Спасибо.

ТӨРАҒА. Министерство труда и социальной защиты населения. Асқарбек Маратұлы.

ЕРТАЕВ А.М. Спасибо за вопросы.

В случае, если по истечении определенного периода времени выявляется, что гражданско-правовой договор имел признаки трудового договора, то государственный инспектор, как я уже говорил, направляет предписание работодателю об изменении на

трудовой договор. В случае неисполнения предписания работодатель будет привлекаться к ответственности (статья 195 Трудового кодекса).

Вопрос возмещения будет предусмотрен в новом трудовом договоре, заключаемом работодателем с работником, и обсуждаться сторонами с участием государственного инспектора по труду. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлы.

СӘРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Біз қазір қоғамдағы қымбатшылықтың деңгейін көріп отырмыз, күн сайын өсіп жатыр. Біз қоғамдағы жұмыссыздық мәселесін көріп отырмыз. Осының бәрі азаматтардың лайықты өмір сүруіне мүмкіндік бермейтін проблемалар екенін білеміз. Осы тұрғыда азаматтар тағы бір проблемаға ұшырауда, яғни заңды түрде жұмыс істеп жатқан азаматтар уақытылы жалақыларын ала алмауда, жұмыс берушілер жалақыны уақытылы төлемейді. Оның салдарынан азаматтар несиелерін уақытылы жаба алмайды, сондай-ақ супермаркеттерден азық-түлікті несиеге алуға мәжбүр екенін де көріп жүрміз. Осы проблемаларды шешу үшін біз заң жобасында жұмыс берушілерге қойылатын талаптарды күшейтейік дегенбіз. Қазіргі кезде жұмыс беруші жұмысшыға уақытылы жалақысын төлемесе, оған әкімшілік жаза қолданылады және азғантай мөлшерде ғана өтемақы төлеуге міндет қойылады. Ал біз осы өтемақының мөлшерін Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің 1,25 есесінен 5 есесіне дейін көтеруді талап еттік, бірақ Үкімет оны қолдамады.

Мен қолдамаудың себебін білгім келеді. Және алдағы уақытта жұмыс берушілер жұмысшыларға уақытында жалақыларын төлемесе, министрлік қандай шара қолданбақ?

Екінші сұрағым Денсаулық сақтау министрлігінің өкіліне.

Жаңа сіз Гүлдара Алданышқызының сұрағына жауап бергенде өндірістік жарақат алу мәселесін айтып кеттіңіз. Біз қазір қайғырып отырған жағдайымыз бар. Ұлдана Мырзуан деген 23 жасар фельдшер қызымыз кеше ғана көз жұмды. Тоғыз қабатты үйдің қасбеті құлағанда жарақат алғандарға төтенше жағдай қызметкерлері келгенше көмектеспекші болғанда басына кондиционер құлап, ес-түсін жимай, кеше ғана тұрмысқа шыққан кішкентай қызымыз көз жұмды.

Осы заң жобасында азаматтардың өндірістік жарақат алуынан, өндірістік төтенше оқиғалардан қорғаудың қандай тетіктері бар? Соны білгім келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Маратұлы, бірінші сұрақ сізге.

ЕРТАЕВ А.М. Сұрағыңызға рақмет.

Бірінші. Егер жұмыс беруші жұмыскерге уақытында айлығын төлемесе, жұмыс беруші жауапкершілікке тартылады. Ол Еңбек кодексінде белгіленген. Біз жұмыс берушілердің жауапкершілігін күшейту, өтемақы төлеу мәселесін Жұмыс берушілер конфедерациясымен, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен пысықтаудамыз. Олар

өтемақыны өсіруге қарсылық білдіруде, өйткені оған барлық жұмыс берушілердің мүмкіндіктері жете бермейді. Сондықтан мәселе әлі талқылануда. Ол мәселеге біз тағы ораламыз.

Екінші. Если происходит несчастный случай, как произошло недавно, создается соответствующая комиссия, проводится расследование, государственным инспектором будут приниматься все меры, чтобы привлечь виновных к ответственности.

Какие меры принимаются для обеспечения безопасности и охраны труда?

Первое. Нами ведется сейчас риско-ориентированный подход, идет интегральная оценка. У нас есть система «Цифровая карта рисков предприятия», мы ведем мониторинг 95 тысяч предприятий с вредными и опасными условиями труда.

Второе – это повышение квалификации, подготовка и переподготовка работников, чтобы они знали технику безопасности.

Третье – это обязательное страхование работников от несчастных случаев. Мы сейчас взяли в периметр работы 175 тысяч предприятий, из них 113 тысяч предприятий уже застраховали своих работников.

Четвертое – это мониторинг и усиление контроля со стороны государственных инспекторов.

Мы ведем постоянную работу по этим четырем направлениям. Спасибо.

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сламжанұлы, екінші сұрақ сізге, жауап беріңіз.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ Т.С. Сұрағыңызға рақмет.

Ондай жағдайлардан қорғау тетіктері қолданыстағы заңнамада бар, сондай-ақ регламентте де жазылған. Төтенше жағдай қызметкерлерінен бұрын келген фельдшер өзінің міндеттерін атқару кезінде жарақат алып, мерт болды. Қазір Денсаулық сақтау министрлігі қызметкерлерін, фельдшерлерді, жедел жәрдем қызметкерлерін өзін қорғау бұйымдарымен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауды ойластырып жатыр.

ТӨРАҒА. Депутат Жұбанов Әділ Орынбасарұлы.

ЖҰБАНОВ Ә.О. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Еңбек кодексінің 135-бабы 4) тармақшасында вахталық мерзім 15 күннен аспауы керек деп нақты көрсетілген. Алайда «жұмысшының келісімімен 30 күнге дейін ұлғайтуға болады» деген сөйлем де бар.

Мен заң жобасына осы соңғы сөйлемді алып тастау жөнінде ұсыныс бергенмін. Себебі 30 күндік ұзақ вахта қызметкердің денсаулығына, психологиялық және физикалық жағдайына теріс әсер етеді, өндірістік жарақаттардың өсуіне және отбасы институтының әлсіреуіне әкеп соғады.

Менің бұл ұсынысым бизнеске шектеу емес, экономика мен адам құқығы арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтіру. Жұмыс тобы құрамындағы депутаттар осы ұсынысты бірауыздан қолдауда. Осыған орай сұрағым бар.

Сіздер уәкілетті орган ретінде осы ұсынысымды қолдайсыздар ма, жоқ, әлде олигополияның айтқаны бола бере ме? Осы сұрағыма жауап беріңізші. Рақмет.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Маратұлы.

ЕРТАЕВ А.М. Сұрағыңызға рақмет.

Ол ұсынысыңыз Үкіметте талқылануда, әлі шешім қабылданған жоқ. Негізі біз вахтада жұмыс жасап жатқандарға талдау жүргіздік. Мысалы, Маңғыстау облысында 10 мың 630 адам вахтамен жұмыс жасайды. Оның 10 мың 570-і 15 күн вахтада, ал 60-ы 30 күн вахтада. 30 күн вахтада жұмыс жасауы үшін Еңбек кодексіне сәйкес олардың келісімі болуы керек. Бірінші талқылау өткенде «Paryz» конфедерациясы, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы қарсылықтарын білдірді. Бірақ біз ол түзетуді әлі пысықтаудамыз, талқылау жұмыстары жүргізілуде. Ол мәселені Парламентте талқылауды жалғастырамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Үкіметтің қорытындысын күтеміз.

Депутат Баққожаев Анас Ахатұлы.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы, көп рақмет.

Сұрағым баяндамашыға және Әділет министрлігінің өкіліне.

Көп жекеменшік мекемелерде басшылар, олардың орынбасарлары, тіпті ұжымы кейбір жұмыскерлерді жақтырмайды, оны эмоционалдық, психологиялық қысымға алады, өсек таратады, әжуалайды, мысқылдайды. Олардың түпкі мақсаты – жұмыскердің өзі арыз жазып жұмыстан шығуы. Өкінішке қарай, ондай жағдайлар мектептерде де бар, ұжым болып мұғалімге қысым көрсетеді.

Бізде ондай жағдайларға норма қаралмаған, ал шетелдерде «мобинг» деген ұғым бар екен, яғни осындай қысым көрген жұмысшылар заңмен қорғалады, ондай мекемелерге арнайы жаза қарастырылалы.

Асхат Қанатұлы, «Ауыл партиясы» фракциясы осы бойынша ұсыныс берсе, қолдайсыздар ма? Осы ұсынысқа қалай қарайсыз?

Сұрақ Әділет министрлігіне. Осындай жағдайларды реттеуге қолданыстағы заңнамада қандай тетіктер қарастырылған? Рақмет.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Анас Ахатұлы, көп рақмет.

Ұсыныстарыңыз болса, оны жұмыс тобында қарайық. Негізі оны зерттеу керек. Қазір пәленше деп айту қиын. Норманы енгізу оңай, бірақ ол қалай жұмыс істейді, оның қандай тетіктері бар деген басты сұрақ туады. Норма қабылдағаннан кейін ол жұмыс істеуі керек.

Жалпылама айтсам, мен отбасының арасындағы қарым-қатынастарға, ұжымның арасындағы формальды емес қатынастарға, діни мәселелерге мемлекеттің көп араласқаны, меніңше, дұрыс емес сияқты. Негізі кейбір қарым-қатынастар қоғамда дәстүрмен, басқа да нормалармен реттеледі. Барлық мәселелер заңмен реттеле бермейді, заң көбінесе қоғамдағы үлкен мәселелерді реттейді. Ұсақ емес, бірақ маңызды, өзі реттелетін мәселелерге,

отбасындағы, ата-ана мен баланың арасындағы мәселеге, басшы мен ұжымның арасындағы мәселеге араласқанымыз қалай болады деген сұрақ туындайды. Бұл мәселені қарастырайық, зерттейік.

ТӨРАҒА. Анас Ахатұлы, ұсынысыңызды беріңіз.

Депутат Смағұлов Бауржан Әміржанұлы.

СМАҒҰЛОВ Б.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Законопроектом предусмотрен сбор подписей порядка 50 процентов в уведомлении о начале забастовки. Каким образом будет реализован механизм сбора подписей? Не будет ли это поводом для оказания давления на работников в дальнейшем? Ведь забастовка имеет стихийный характер. Рақмет.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Маратұлы Ертаев.

ЕРТАЕВ А.М. Спасибо за вопрос.

Этот вопрос о проведении забастовки очень много обсуждался и находится в мониторинге у Министерства труда и социальной защиты населения.

Как вы знаете, есть соответствующие этапы: сначала вопросы должны быть решены с работодателем, потом в примирительной комиссии, после этого трудовой арбитраж, суд и далее уже можно на забастовку.

Сбор подписей никак не будет являться каким-то давлением на работников, наоборот, это дает право работникам подавать голос, если выдержаны все этапы в соответствии с законодательством. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Мутәлі Әбутәліп.

МУТӘЛІ Ә. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства труда и социальной защиты населения.

Представленный законопроект, бесспорно, имеет социально ориентированный характер и нацелен на кардинальное улучшение защиты трудовых прав казахстанцев. Однако законопроект ужесточает требования к работодателям в части обязательного заключения трудовых договоров вместо гражданско-правовых, и это абсолютно верно с точки зрения защиты прав работников.

Не считаете ли Вы, что это может создать дополнительную административную и финансовую нагрузку на малый и средний бизнес, который и так находится в сложных условиях? Какие меры поддержки или переходный период предусмотрены, чтобы бизнес, особенно мелкий, мог адаптироваться к новым требованиям без резкого роста издержек? Не приведет ли эта норма к судебным спорам по каждому такому случаю и росту нагрузки на бизнес?

ТӨРАҒА. Министерство труда и социальной защиты населения. Аскарбек Маратович, пожалуйста.

ЕРТАЕВ А.М. Спасибо за вопросы.

Я уже до этого озвучивал, что сейчас в Министерстве труда и социальной защиты населения в единой информационной системе учета трудовых договоров предусмотрена техническая возможность, чтобы работодатель мог подгружать туда договоры гражданско-правового характера. Это делается для того, чтобы совместно с работодателем вести мониторинг. Если договор имеет признаки трудового договора, то это будет трудовым договором.

Никаких административных рычагов при незаключении таких договоров государственные инспекторы не имеют, это только работа с работодателем. Консультации, письма, предупреждения, штрафы тут не предусмотрены.

В дальнейшем мы будем продолжать эту работу, вести консультации, чтобы работодатели поэтапно могли на практике определиться с гражданско-правовыми и трудовыми договорами. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Абден Қарақат Жақсылыққызы.

АБДЕН Қ.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

Сұрақтарым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне.

Бұған дейін «Ауыл партиясы» фракциясының атынан мен кішкентай балалары бар ата-аналардың қысқартылған жұмыс уақытына құқығын қамтамасыз ету мәселесі жөнінде Үкіметке депутаттық сауал жолдаған едім.

Жұмыс істеп жүрген ата-аналардың балаларын балабақшадан дер кезінде алып кетуге мүмкіндіктері де болмай қалады.

Депутаттық сауалға Үкіметтің жауабында қолданыстағы заңнамада кішкентай балалары бар ата-аналардың қысқартылған жұмыс уақытын талап етуге құқығы бар, тыйым салынбаған, яғни рұқсат етілген қағидасы бойынша жұмыс уақытының форматы жұмыс берушімен келісім арқылы шешілетіні айтылған еді. Алайда іс жүзінде жағдай басқаша қалыптасып отыр. Қысқартылған жұмыс уақытын сұраған аналардың айтуы бойынша еңбек шартында бұл мәселе келісілмейді.

Қолданыстағы еңбек заңнамасы жұмыс берушіні баласы бар ата-анаға қысқартылған жұмыс уақытын беру талабын орындауға міндеттей ме? Және еңбек нарығында осындай ата-аналарды қорғау мақсатында мұндай жағдайлардың алдын алу үшін министрлік қандай іс-шаралар жүргізуде?

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Маратұлы.

ЕРТАЕВ А.М. Сұрақтарыңызға рақмет.

Жалпы, жұмыс беруші мен жұмыскердің арасында еңбек шарты жасалғанда жұмыс күнінің уақытын келісіп алуға болады. Мысалы, күнде таңғы сағат 08:00-ден бастап кешкі сағат 17:30-ға дейін немесе 18:00-ге дейін, болмаса сағат 09:00-ден бастап сағат 17:00-ге дейін жұмыс жасайтын болса, онда сенбі күні түске дейін қосымша жұмыс жасауға болады. Сондай екіжақты келісіммен уақытын келісе алады. Ал егер жұмыс беруші оған келіспесе, онда заңға сәйкес жұмыскер арыздана алады. Ол арыз мемлекеттік инспекцияға түскеннен кейін біз оған араласамыз, көмектесеміз.

ТӨРАҒА. Депутат Сейтжан Кенжеғұл Социалұлы.

СЕЙТЖАН К.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

У меня вопрос к представителю Министерства туризма и спорта.

У местных исполнительных органов есть спортивные организации, клубы для людей с инвалидностью, но эти клубы не принимают по договору на работу. Есть много спортсменов, которые выступают от клуба, но по факту не являются его сотрудниками.

Как можно решить этот вопрос в рамках этого законопроекта? Есть люди, которые состоят в таких клубах 20 – 30 лет, но официально не являются их работниками, поэтому и заработной платы у них практически нет, хотя они выигрывают чемпионаты и выступают на мировых аренах.

Второй вопрос о разнице в заработных платах кандидатов в мастера спорта и мастеров спорта международного класса, ее нет. Возможно ли этим законопроектом решить этот вопрос? Ведь мастер международного класса – это результат большой работы. Спасибо.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Кенжеғұл Социалұлы, рұқсат етсеңіз осы заң жобасы авторларының бірі ретінде мен жауап берейін.

Что касается членов клубов. Насколько я понял, это спортивные клубы, где занимаются определенные спортсмены. Ваше предложение – чтобы они были не только членами клубов, но и работниками, получая за это соответствующую заработную плату.

Во-первых, в законопроекте этой нормы нет. Во-вторых, Трудовой кодекс, в принципе, четко определяет, когда и как возникают трудовые отношения. Если человек выполняет определенные трудовые функции, в таком случае он должен заключить трудовой договор. Если человек выполняет трудовые функции, а организация не заключает трудовой договор, то он может обратиться в инспекцию по труду.

Кстати, по нашей поправке в прошлом году инспекции по труду были переданы из ведения местных исполнительных органов на уровень центрального исполнительного органа, где объективность, я думаю, намного выше.

Что касается разницы в оплате труда кандидатов в мастера спорта и мастеров спорта международного класса. Это не предмет данного законопроекта, это надо рассматривать в рамках постановления Правительства № 1193.

ТӨРАҒА. Депутат Нұртаза Самат Русланұлы.

НҰРТАЗА С.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Асхат Қанатұлы, сіз баяндамаңызда жұмысшының кінәсі дәлелденсе де бәрібір 25 пайыз төленеді дедіңіз. Соған орай сұрағым бар.

Егер ішімдік ішкен қоғамдық көлік жүргізушісі жол-көлік апатынан мүгедек болып қалса, оған сонда да 25 пайыз төлене ме? Рақмет.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Самат Русланұлы, өте маңызды сұрақ.

Бұл мәселені біз жұмыс тобында бірден көтердік.

Мәселе Еңбек кодексінде нақты реттелген. Егер ол есірткі пайдаланып, алкогольді ішімдік ішіп еңбек қауіпсіздігін бұзса, онда оларға бұл норма пайдаланылмайды, ол 100 пайыз кінәлі болып саналады. Ондай жағдайларды заң нақты қарастырған.

ТӨРАҒА. Депутат Сатыбалды Ерболат Жалғасбайұлы.

САТЫБАЛДЫ Е.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Жалпы, өте маңызды заң жобасы, мен қолдаймын.

Асқарбек Ертаев мырзаға екі сұрағым бар.

Бірінші. Заң жобасында кәсіпорындарды алдын ала хабардар етпей тексеру мүмкіндігі ұсынылып отыр. Бірақ қолданыстағы Кәсіпкерлік кодексте жоғары тәуекелдік объектілерді жылына бір реттен артық тексеруге болмайды.

Тексерулер мен профилактикалық бақылауларды бірдей мерзімде атқару керек. Кесте мен тізімдерді жыл сайын алдын ала жариялау міндеттеледі. Бұл жағдайда кәсіпорында қай кезеңде тексеріс болатынын нақты біліп отырады, сонда кенеттен тексеру механизмі қағаз жүзінде ғана қалады. Осы нормалар күшінде болған кезде шын мәніндегі күтпеген тексерулер қалай жүзеге асырылады? Министр бұл қайшылықты қалай шешуді жоспарлап отыр?

Екінші. Еңбек қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіреді. Соған қарамастан бұл сала жалпыға бірдей Кәсіпкерлік кодекстің шектеулерімен реттелуде. Бірқатар елдерде еңбекті қорғау саласы жеке бақылау режимімен қамтамасыз етіледі. Осы мәселеге министрліктің ұстанымы қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Асқарбек Маратұлы.

ЕРТАЕВ А.М. Сұрақтарыңызға рақмет.

Екінші сұрақтан бастайын. Еңбекті қорғау бойынша бес бағыт бар.

Біріншіден, біз интеграция жүргізіп жатырмыз. У нас есть 95 тысяч организаций, где имеются вредные и опасные условия труда, мы их мониторим, это обязательное требование. Если государственный инспектор видит, что рабочее место какого-то работника имеет вредные условия, но ему не выданы индивидуальные средства защиты, то идет предписание. Это в электронном виде идет в рабочий кабинет работодателя.

Второе – страхование работников от несчастных случаев. Мы эту работу ведем по 175 тысячам предприятий, 113 тысяч предприятий уже застраховали своих работников. Эту

работу мы будем продолжать дальше, чтобы охватить все предприятия. Здесь в основном сидят крупные и средние предприятия.

Третье – это усиление мониторинга со стороны государственных инспекторов по выдаче индивидуальных средств защиты.

Что касается внезапной проверки, то она у нас осуществляется в рамках заявлений, поступающих от работников и заявителей. Также у нас есть плановый профилактический контроль. На год мы ставим себе 600 проверок, на данный момент большую часть их уже провели, также провели профилактические работы. Во время этой работы выдаются предписания работодателям, какие рабочие места имеют риски по вредным и опасным условиям труда, какие работники не обеспечены средствами индивидуальной защиты.

Эта работа проводится в рамках концепции безопасности и охраны труда. У нас есть ряд поправок, которые мы как Правительство планируем инициировать, работа над ними еще ведется. Новые поправки о внезапной проверке и улучшении безопасности и охраны труда обязательно внесем в Парламент. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Сатыбалды. Екінші рет.

САТЫБАЛДЫ Е.Ж. Зиянды, қауіпті ортада жұмыс істейтін кәсіпорындарды Кәсіпкерлік кодекстің аясынан шығарып, ол мекемелердегі еңбек қауіпсіздігін басқа бір режимде тексеруге министрліктің көзқарасы қандай? Мен осыны сұрадым. Рақмет.

ТӨРАҒА. Асқарбек Маратұлы, нақты әрі қысқа жауап беріңіз.

ЕРТАЕВ А.М. На примере «Кармета» скажу.

Мы видим по информационной системе, что в «Кармете» должность шахтера не обеспечена средствами индивидуальной защиты. Мы отправляем уведомление работодателю. Если он не реагирует, то идет предписание, что мы регистрируем в прокуратуре и выходим на проверку. В настоящее время такая практика.

Мы эту часть хотим дальше совершенствовать, чтобы работодатели уже реагировали до внезапной проверки.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Мен бір ауыз қосайын.

Ерболат Жалғасбайұлы, біз осы заң жобасының ішінде оны Кәсіпкерлік кодекстен шығарып, жаңа сіз айтқандай тексеру тәртібін ұсындық. Үкімет оны қолдамады, дегенмен біз бұл жұмысты жалғастырамыз, сондықтан жаңа норманы дайындап жатырмыз. Егер оны Кәсіпкерлік кодекстен шығарса, оған осы заңмен реттелетін нақты тәртіпті енгізуіміз керек.

Негізі Мәжілісте еңбек мәселесіне қатысты бірнеше заң жобасы қаралып жатыр. Екінші оқылымға дейін бұл мәселені де қарастырайық. Жалпы, министрлік бұл мәселеден жалтарып отырған жоқ. Сондықтан мәселені шешуге мүмкіндік бар деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Депутат Әбенов Мұрат Абдуламитұлы.

ӘБЕНОВ М.А. У меня вопрос, Асхат Канатулы, к Вам.

Я думаю, тысячи граждан ждут этот закон в той части, что договорные отношения мы переводим в трудовые.

Если честно, многие работодатели злоупотребляют. Когда-то в Трудовой кодекс внесли изменения, которые, понятно, олигархические группы сделали под себя. Например, в «Абу-Даби Плаза», которым я занимался, 1200 человек каждый день приходили на работу, а их трудовые отношения не были зарегистрированы, и люди начали протестовать, я с ними встречался.

Здесь мало инструментов, когда сам человек может доказать. Трех позиций, о которых сказал вице-министр, мне кажется, недостаточно, все будет определять министерство. Здесь еще есть коррупционная норма. Почему четко не расписать?

Например, за рубежом есть такой принцип: не может быть долгих гражданско-правовых отношений, больше года – все, должны быть трудовые отношения. Это же и налоговые органы могут проследить. Почему мы Министерству труда и социальной защиты населения эту функцию даем, оно кого-то накажет, а кого-то не накажет. Видите, в явочном порядке выявили, что два года люди работали, и сказали: переведите его на трудовые отношения. Они уже нарушили закон, нарушили права наших граждан, которые должны были получить ОСМС, отпускные. Они работали по временным трудовым отношениям, а Министерство труда и социальной защиты населения через три года выявило и говорит: ты больше так не делай. А работодатель три года нарушал права работников.

Я предлагаю подключить налоговые органы. Если в течение года идет одна и та же заработная плата – все, надо выявлять и сразу наказывать. До второго чтения давайте это изменим.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Спасибо, Мурат Абдуламитович, абсолютно с Вами согласен.

Здесь есть норма по ГПХ – это раз.

Второе – мы предусматриваем цифровизацию трудовых отношений, потому что сейчас все это в тени. Если даже мы сделаем более детальную норму, увидеть, у кого какие отношения – трудовые или ГПХ, это не регистрируется. Мы хотим сделать так, чтобы и ГПХ, и иные трудовые отношения регистрировались, будем делать интеграцию с Налоговым комитетом по заработной плате и видеть периодичность отчислений.

ГПХ – это когда оказывают какие-то разовые услуги (написать какой-то текст или книгу), одна услуга – такая-то стоимость. Или, условно, покрасить какую-то комнату. Эта услуга может быть оказана один раз, но это не может продолжаться долгое время, когда человек каждый день приходит на работу и выполняет трудовую функцию, у него есть трудовой распорядок. В статье 27 это указано как конкретный индикатор трудовых отношений.

Давайте до второго чтения, если есть дополнительные предложения, мы проработаем. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Бапи Ермұрат Сейітқазыұлы.

БАПИ Е.С. Рақмет, құрметті Төраға.

Сұрақтарым Асхат Қанатұлына.

Бірінші. Мемлекетаралық немесе үкіметаралық келісіммен Қазақстанға өндіріске келген шетел компаниясы жұмысшыларының және Қазақстан компаниясы жұмысшыларының, мәселен, мұнай өнеркәсібіндегі бұрғылаушылардың жалақыларында үлкен айырмашылықтар бар. Заң жобасында осы әділетсіздікті, алалауды реттейтін қандай бап бар?

Екінші. Еңбек қатынастарын қалыптастыру жөнінде жұмыс беруші мен жалпы және тәуелсіз кәсіподақ арасындағы қарым-қатынастарды реттеу жөнінде осы заң жобасында көрсетілген бір нормалар бар ма? Рақмет.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Сұрақтарыңызға рақмет, құрметті Ермұрат Сейітқазыұлы.

Сіз айтқан мәселе бойынша арнайы норма қарастырылған. Павел Олеговичтің қойған сұрағы да негізі осыған байланысты болды. Біз бұл жерде әкімшілік-басқару персоналы мен жұмыскерлердің арасындағы мәселені қарастырып отырған жоқпыз. Бұндағы нақты норма – бір қызметкер. Мысалы, слесарлардың талаптары, білімі, істеп жүрген жұмысы бір болса, оның арасында қазіргідей үлкен алшақтық болмауы керек деп отырмыз. Сіз дұрыс айттыңыз, бұл жерде әсіресе біздің мамандар мен шетелдік мамандарға қатысты үлкен мәселе бар. Сондықтан біз осы заң жобасына арнайы норма енгізіп отырмыз. Енді осы айырмашылық бойынша нақты бір меже тиісті шартта қарастырылатын болады деген ұсыныс енгіздік. Бұл ұсыныс қолдау тапты, дауыс бердік. Бүгін сіздер қолдасаңыздар, онда бірінші оқылымда бұл норма да қабылданатын болады.

Кәсіподақты реттеу бойынша. Негізі Еңбек кодексінде көп мәселелер қарастырылған, бірақ бүгін біз бұл мәселені қарастырып отырған жоқпыз. Мәжілістің қарауында осы мәселеге байланысты арнайы заң жобасы бар. Сондықтан бұл басқа заң жобасы болғандықтан ол мәселелерді қарастырған жоқпыз.

ТӨРАҒА. Депутат Қырықбаев Темір Базарбайұлы.

ҚЫРЫҚБАЕВ Т.Б. Рақмет, құрметті Төраға.

Сұрақтарым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне.

Мен заң жобасын қолдаймын, дегенмен бір-екі сұрағым бар.

Бүгінгі күнде бір инспекторға 20 – 25 мың қызметкер келеді екен. Бұл Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарынан бірнеше есе жоғары. Кадрлық әлеует артпаған жағдайда реформа формальды сипатта қалып қоюы да мүмкін.

Осы норма аясында мемлекеттік еңбек инспекторының мақсатты штаттық нормативі қандай деңгейде болады? Еңбек инспекторларының штатын ұлғайту жоспарда бар ма? Егер жоспарда болса, онда оған тиісті қаражат қарастырыла ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Маратұлы, жауап беріңіз.

ЕРТАЕВ А.М. Сұрақтарыңызға рақмет.

Мемлекеттік инспекторлардың штаттарын көбейту біздің жоспарымызда жоқ. Біз цифрландыру бойынша жұмыс жасап жатырмыз, яғни барлық тексеру жұмыстары цифрлық жүйе арқылы жүргізілетін болады.

Мысалы, қазір кәсіпорынның цифрлық картасы, еңбек тәуекелдерінің картасы, еңбек шарттарының бірыңғай жүйесі деген жүйелер бар. Сол жүйелерді дамыту жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, әр инспектор бақылауындағы мекемелерді тексеру, кәсіби бақылау жұмыстарын жүргізеді. Мемлекеттік инспекторлардың саны өспейді.

ТӨРАҒА. Депутат Магеррамов Магеррам Мамедович.

МАГЕРРАМОВ М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

У меня вопрос уважаемому Аскарбеку Маратовичу.

Здесь коллеги говорили про стаж, но ведь сегодня он не влияет, потому что мы все являемся участниками накопительной пенсионной системы.

Я хочу сказать о родителях (в основном это женщины), которые воспитывают ребенка с инвалидностью, они уходят в отпуск по уходу за ребенком, потом возвращаются. Вы говорите, что это засчитывается в стаж. На самом деле это в стаж не засчитывается, потому что это засчитывается только по солидарной пенсии.

Не считаете ли Вы нужным, чтобы для этой категории предусмотреть возможность, как по солидарной пенсии, чтобы стаж влиял и на размер пенсии?

Среди прав работников есть конституционное право на отдых. Родители, имеющие ребенка с инвалидностью, в большинстве своем используют свой трудовой отпуск на то, чтобы сдать все необходимые анализы, провести реабилитационные процедуры. Например, в Эстонии один день в месяц выделяется родителю ребенка с инвалидностью, он имеет право собрать эти дни, и эти 12 дней считаются дополнительным оплачиваемым социальным отпуском.

Министерство готово рассмотреть, чтобы помочь нашим гражданам, оказавшимся в такой жизненной ситуации, не оставляя их один на один с такими проблемами? Спасибо.

ТӨРАҒА. Министерство труда и социальной защиты населения. Аскарбек Маратович, пожалуйста.

ЕРТАЕВ М.А. Спасибо за вопросы.

Министерство труда и социальной защиты населения готово рассмотреть и обсудить Ваши предложения и выйти на широкое обсуждение. Если есть такой запрос и необходимость, мы готовы работать по этим предложениям. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Асхат Қанатұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Саиров Ерлан Бияхметұлына беріледі.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған Қазақстан Республикасының заң жобасы жұмыскерлердің құқықтарын қорғау бөлігінде ұлттық заңнаманы жетілдіру және еңбекті қорғаудағы басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамашылғымен әзірленді.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Еңбек кодексінде мыналарға бағытталған нормалар қарастырылған:

ұжымдық шартта тиісті кәсіп және ұйымдағы лауазым бойынша жалақының ең жоғары және ең төменгі мөлшері арасындағы жол берілетін арақатынас туралы ережені белгілеу;

келісу комиссиясының қызметіне делдалдарды тарту тәртібін реттеу;

жеке тұлғамен азаматтық құқықтық сипаттағы шарт жасасуға, онда еңбек қызметінің кем дегенде бір ерекше белгісі болған кезде тыйым салуды белгілеу қарастырылған. Ал «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне өндірістік жарақаттың ауырлық дәрежесін айқындау қағидаттарын бекіту бойынша құзыреттер енгізіледі.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының отырыстарында оның ережелерін депутаттармен, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдармен егжей-тегжейлі талқылау жүзеге асырылып жатыр.

Бүгінгі таңда Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жұмыс тобының он төрт отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде сіздерден қарастырылып отырған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерлан Бияхметұлы, рақмет.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Нұралин Асылбек Жамашұлына беріледі.

НҰРАЛИН А.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қазақстан қауіпсіз еңбек жағдайларын жақсарту бағытында берік негіз қалады.

Бүгінде 2030 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы қабылданды. Алайда тәжірибе көрсеткендей нақты нәтижеге қол жеткізу үшін тек стратегиялар ғана емес, сонымен бірге еңбек қауіпсіздігі мен еңбек құқықтарын қорғау мәселелерін нақты әрі айқын реттейтін нормалар қажет.

Біздің заң жобамыз еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесін нығайтады, еңбек және денсаулық сақтау салалары арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіреді, тараптардың құқықтары мен міндеттерін нақтылайды.

Біздің ортақ мақсатымыз – бұл Қазақстандағы еңбекті тек өнімді ғана емес, сонымен бірге қауіпсіз, заманауи және абыройлы ету. Өйткені адам жұмыс орнында өзін қауіпсіз сезінетін болса, ол өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, ел дамуына зор үлесін қосады.

Жаңа біздің әріптестеріміз біраз сұрақтарды көтерді. Ереуілдерді заңды түрде ұйымдастыру, айлықтың жылдық инфляция көлеміне дейін көтеру, еңбек арбитражының жұмысын жандандыру екінші оқылымға дейін қарастырылады деп ойлаймын.

Құрметті әріптестер, осы заң жобасын қабылдау бұл алға жасалған заңды әрі қажетті қадам деп ойлаймын.

Сондықтан мен барлық әріптестерімді бұл заң жобасын бірінші оқылымда қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Әбенов Мұрат Абдуламитұлына беріледі.

ӘБЕНОВ М.А. Құрметті әріптестер! Бұл заң жобасын мен толығымен қолдаймын, өте қажет шешімдер.

Өздеріңіз білесіздер, 2023 жылы Түркістандағы Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидасын айтты. Бұл қағида бірінші кезекте мемлекетке қатысты, адамға да қатысты.

Адам адал еңбек жасайтын болса, мемлекет оны қорғауды өз міндетіне алады. Өкінішке қарай, бұл проблема бізде көптен бері шешілмей келе жатыр. Кезінде еңбек заңнамаларын үлкен ірі компаниялар үшін өзгертіп қойған, көп азаматтар өз құқығын қорғай алмайды, заңнамаларды білмейді және заң әлсіз болды, еңбек адамы дұрыс қорғалмады. Мыңдаған адамдар еңбек жасайды, бірақ еңбек шарты жоқ, ауызша келісім немесе сені уақытша жұмысқа алдым, сен күнделікті жұмыс істемейсің дегені бұл бір жағынан экономикаға да үлкен зиян, яғни дұрыс айлық төлемейді, оған салық төлемейді, сөйтіп адам қорғалмаған. Егер апатты жағдай болса, оған Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан төленбейді, әйелдерге бала күтімі бойынша төлемақы төленбейді, басқа да әлеуметтік төлемдер төленбейді, еңбек демалысына жіберілмейді. Осы заңдылықты пайдаланып кейбір адамдар 12 – 14 сағатқа дейін жұмыс істейді. Ешқандай заңмен қорғалмағандықтан оларды жұмыстан шығара салады. Әсіресе жастардың тарапынан шағым айтатындар көп. Әртүрлі қызмет көрсету мекемелеріне орналасады, бір-екі күн жұмыс істегеннен кейін шығарып жібереді, ешқандай төлемдер бермейді, сөйтіп заңмен қорғалмайды. Сондықтан әріптестеріміздің бұл мәселені қолға алғандары өте дұрыс болды.

Біз болып жатқан жағдайларды көріп жүрміз. Біздің азаматтарымызды жұмысқа алғаннан гөрі шетелдіктерді жұмысқа алған дұрыс дейді. Өйткені заңсыз келгендерді уақытша жұмысқа алады, оларға қосымша төлемдер берілмейді, қорғаудың да қажеті жоқ. Ал біздің азаматтарды жұмысқа алса, олар үшін артық төлем, артық жауапкершілік.

Қазір біздің экономикамызда үлкен жобалар іске асуда. Астанадан да көруге болады, әртүрлі жұмыстарда шетелдіктер өте көп. Егер біздің заңнама қатаңдатылса, сол жұмысты біздің азаматтар да істер еді.

Жаңа Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жауапкершілік бізде болады, біз тексереміз, біз шара қолданамыз деді. Мен ол айтылғанмен келісе алмаймын. Сондықтан, Асхат Қанатұлы, біз азаматтардың өз құқығын қорғауына мүмкіндік жасауымыз керек. Нақты норма жазуымыз керек. Біз шешеміз, біз көреміз, тексерген кезде кемшілік болса, онда хат жіберіп оларға ұсыныс жасаймыз деген дұрыс емес. Бұл қорғау емес.

Президент «Заң және тәртіп» қағидатын айтты. Заңды бұздың ба, жауап бер. Министрлік «мақұл» деп қоя салмауы керек, аяғына дейін жеткізіп, бұрын жұмыс істеген уақытына айлық, төленбеген демалыс уақытын төлем, басқа да қаржыларын төлеуі керек. Егер ондай қатаң талап болмаса, онда жүре береді, инспектормен келіседі, сөйтіп бармақ басты, көз қысты болып кетеді. Сондықтан азаматтың өз құқығын қорғауға мүмкіндігі болуы керек. Оны нақты жазуымыз керек.

Шетелде, мысалы, уақытшы жұмысқа алу емес, екеуі серіктес ретінде уақытша азаматтық қарым-қатынас шартын жасасады. Егер сен ай сайын айлық алсаң, жұмыс беруші сені жұмысқа қабылдауы керек, бұйрық шығаруы керек деп біз халыққа түсіндіруіміз керек. Егер айлық алып, күнде таңертең сағат тоғызда келіп, кешкі сағат алтыда қайтатын болсаң, бұл жұмыс болып саналады, тез арада инспекцияға хат жаз, сені міндетті түрде еңбек шартымен жұмысқа алуы керек деп біз азаматтарымызға айтуымыз керек. Ол мәселенің бәрін министрлікке беріп қоюға болмайды.

Егер ай сайын айлық төлеп жатса, ол да жұмыс. Мысалы, осы жұмысты істейсің, 2 миллион ақша беремін, кез келген уақытта кел, кез келген уақытта кет, өзің біл дейтін болса, сонда ғана ол азаматтық шарт. Мен өткенде «Абу-Даби» құрылысы бойынша айтқан болатынмын. Онда күнде жұмысқа келеді, айлығы бар, бірақ жұмыс істемейді деп шығарып жіберген. Сондықтан осы мәселені қарауымыз керек.

Жұмыс істеп жүргеніне бір жылдан асса, онда уақытша азаматтық қарым-қатынас деген болмауы керек, бұл еңбек шарты деп шығаруымыз керек.

Бұл мемлекеттік органдарға да, бюджетке де пайдалы және біз азаматтардың құқықтарын қорғаймыз.

Биыл Жұмысшы мамандықтар жылы. Осы заң нақты соған сәйкес келді. Көбінесе қарапайым жұмыс істейтіндер қорғалмаған. Олар заңды біле бермейді, кел, жұмыс істей бер, шартқа содан кейін қол қоямыз деп оларды алдайды.

Жұмысшы мамандықтар жылында Парламент осындай заң қабылдаса, біз «Заң және тәртіп» қағидатын, заңды азаматтарымызға дұрыстап түсіндіруіміз керек. Министрлік айтқандай үш шарт қана емес, біз бес шарт жасауымыз керек. Оның айлығын, жұмыс істеу мерзімін, күнделікті жұмыс кестесін реттеп көрсететін болсақ, онда азаматтардың құқығы дұрыс қорғалады. Әр азамат өзі қорғануы керек, олар инспекторларды күтіп отырмауы керек. Инспекторлардың маған бір күні арыз жазуы керек, мен сонда ғана барамын, келісемін, тәртіпке шақырамын, тәртіпке шақырмасам, әйтеуір бір 5 – 10 теңгесін алып қоя саламын дегені болмауы керек. Оған инспекторлар да жетпейді.

Құрметті әріптестер, мен бұл заң жобасын қолдауға шақырамын. Екінші оқылымға дейін бірге өзгерістер енгізейік. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сабильянов Нұртай Салихұлына беріледі.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қарастырылып отырған заң жобасы өте өзекті. Мен бұл заң жобасын қолдаймын, бірақ бір мәселемен келіспеймін. Осы заң жобасында еңбек шартының ерекше белгілерінің біреуі болмаса, онда жеке тұлғамен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасуға болмайды деген ұсыныс енгізіліп отыр. Бұл дұрыс емес. Негізі азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт Еңбек кодексімен емес, Азаматтық кодекспен реттеледі. Бұл азаматтарға берілген құқық. Біз керісінше ол құқты шектеп отырмыз. Неге екенін айтайын.

Бір жұмыс беруші жұмыскерді жұмысқа алып, мысалы, қызметіне байланысты еңбек шартын жасасады. Ал азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша нақты жұмысқа белгіленеді, яғни нақты жұмыс болуы керек. Мысалы, зауыт жұмыс істеп тұр, оған құрылыс жұмыстарын жүргізу керек немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу керек. Сол жұмыстарды жүргізу үшін азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасады. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шартта азаматтың, жеке тұлғаның қаражатынан зейнетақы жарнасына 10 пайыз ұсталады, жеке табыс салығына 10 пайыз ұсталады және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 2 пайыз ұсталады. Сөйтіп заң талабы орындалады.

2025 жылдан бастап азаматтық-құқықтық сипаттығы шарт жасасқанда жеке тұлғаны міндетті түрде сақтандыру қарастырылған. Енді біз азаматтарға мүмкіндік берудің орнына керісінше ол мүмкіндікті шектеп отырмыз.

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шартта белгілі бір жалақының мөлшері жоқ, ол істелетін жұмыстың көлеміне байланысты. 10 – 15 миллионға дейін шарт жасаса береді. Азаматтар 8 – 10 миллион аламын деп жұмыс істеймін десе, неге біз оларға рұқсат бермейміз? Мен осыны түсінбеймін.

Ол белгілі, азаматтар төрт-бес ай жұмыс істейді, одан кейін жұмыс жоқ, қыс болып кетеді, қыста жұмыс болмай қалуы да мүмкін. Сондықтан олар сол кезеңдерде жұмыстарын істейді. Ол сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді, кешке дейін жұмыс істемейді, біз көріп жүрміз.

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан азаматтардан бірде-бір шағым түскен жоқ. Кім сіздерге шағым түсірді? Ондай шағымның біреуі де жоқ. Сондықтан бұл мәселе Азаматтық кодекспен реттелуі керек. Біз сол жағын қарастырып, мүмкіндік беруіміз керек.

Келесі жылдан бастап бізде жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Сол Салық кодексі бойынша жеке кәсіпкерлер енді заңды тұлғаларға қызмет көрсетсе, оларға жұмыс істеуге әрекет жасап шарт жасасса, онда заңды тұлғалар оларға кеткен ақшаны өзінің шығынына қоса алмайды, одан салықты азайта алмайды. Ал енді азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан азаматқа төленген жұмыс берушінің ақшасын шығынға қосса, одан салығын азайтуға мүмкіндік бар. Сондықтан заң арқылы берілген осындай мүмкіндікті депутаттардың қолымен шектеген дұрыс емес деп ойлаймын. Бұны қайта қарауымыз керек.

26-бапқа енгізілген өзгерістерді алып тастау керек. Бұл біздің жұмыс істеп жүрген қарапайым жұмысшы азаматтардың құқықтарын шектеп отыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлы, бұл мәселені екінші оқылымға дейін қараңыздар.

Нұртай Салихұлы, негізі бұл жұмыскерлерді қорғауға бағытталған норма. Бұны жұмыс тобында да, комитетте де жан-жақты қарағанын білемін. Мен де кеше осы бойынша жиын өткіздім.

Сондықтан Нұртай Салихұлының айтқан уәждерін тағы да мұқият қарау керек.

Егер осының ішінде еңбек қатынастарының бір нышаны болса, онда еңбек шарты болуы керек. Солай ғой? Сондықтан бұл мәселені тағы қараңыздар.

Нұртай Салихұлы, бизнес тұрғысынан қарағанда мүмкін сіздікі дұрыс шығар. Ал енді жұмыскерлер тарапынан қарайтын болсақ, ондай жағдайлар өмірде көп. Ондай шағым бар-жоғын анықтап қараңыздар. Шағым болмаса, онда бұл мәселе көтерілмейді ғой. Бәріміз өңірде жұмыс істедік, жұмыскерлердің құқықтары аяққа тапталғанын көрдік. Сондықтан осы жерде компромисті шешім табу керек.

Депутат Абден Қарақат Жақсылыққызы.

АБДЕН Қ.Ж. Спасибо большое, Ерлан Жаканович.

Уважаемые коллеги! Надо признать, что проведена огромная законотворческая работа. Действительно, законопроект охватил многие социальные вопросы.

Поддерживая в целом представленный законопроект, хочу обратить внимание на один принципиально важный вопрос, который является частью государственной семейной политики.

Сокращенный рабочий день для работающих родителей, имеющих маленьких детей, – это не льгота и не уступка, это инструмент сохранения института семьи, укрепления здоровья нации и обеспечения гармоничного развития ребенка.

Дополнительный час, который родители (мать или отец) могут провести рядом со своим ребенком – это инвестиции в его будущее, устойчивость семьи и стабильность общества.

Возможность родителя элементарно вовремя забрать ребенка из детского сада, уделить больше внимания его воспитанию и здоровью – это не бытовая мелочь, это элемент стратегической политики государства.

Ранее я уже направляла подробный депутатский запрос от партии «Ауыл», поднимая этот вопрос на уровне Правительства, однако до сего дня системного решения не было принято.

Тем временем во многих развитых странах сокращенный рабочий день или сокращенная рабочая неделя для работающих родителей, имеющих маленьких детей, давно закрепленная норма, признанная эффективной и научно обоснованной практикой. Это рассматривается не как бонус или преференция, а как часть государственной стратегии по укреплению семьи.

Речь не идет о дополнительных бюджетных затратах, речь идет об элементарной взаимозаменяемости, которую легко можно регламентировать трудовым законодательством.

Учитывая значимость данной темы, считаю необходимым вернуться к рассмотрению механизма сокращенного рабочего времени для родителей, имеющих маленьких детей, и рассмотреть возможность его законодательного закрепления.

Важно не только зафиксировать данную норму, но и обеспечить ее исполнение на предприятиях всех форм собственности, включая государственную службу. Компетентные органы должны иметь соответствующие инструменты контроля за соблюдением трудового законодательства в этой части.

Прошу уполномоченные органы и коллег депутатов учесть данный вопрос в предстоящей законодательной работе во втором чтении.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз болмаса осы ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 89, «қалыс қалғандар» – 2. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекке беріледі.

НҰРБЕК С. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Жоғары білім саласындағы біліктіліктерді тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

2011 жылы Токио қаласында қабылданған бұл конвенция Азия-Тынық мұхиты аймағындағы мемлекеттер арасындағы жоғары білім саласындағы біліктіліктерді тануға ортақ қағидаттарды ұстану бағытында ынтымақтастықты орнатуға бағытталған.

Қазақстан үшін бұл қадам халықаралық білім кеңістігіне ықпалдасу саясатының қисынды жалғасы болып табылады. Өздеріңізге мәлім, 1998 жылы еліміз Лиссабон конвенциясына қосылғаннан кейін шетелдік білім құжаттарын танудың тиімді жүйесін қалыптастырып, еуропалық елдермен өзара тануды қамтамасыз етті.

Токио конвенциясын ратификациялау Қазақстанға Азия-Тынық мұхиты өңірінің ұлттық ақпараттық орталықтар желісінің (APNNIC) мүшесі болуға мүмкіндік береді. Бұл желі қатысушы елдердің біліктіліктерді тану саласындағы ақпарат алмасуын қамтамасыз етіп, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын арттырады.

Конвенцияға осы өңірдегі ең үлкен мемлекеттер Австралия, Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея, Түркия, Моңғолия тәрізді елдер қосылып отыр.

Бұл маңызды құжаттың негізгі мақсаты – қатысушы елдерде алынған біліктіліктерді әділ, ашық және уақытылы тануды қамтамасыз ету.

Құрметті депутаттар, өздеріңізге мәлім, қазіргі таңда Қазақстан үлкен академиялық хаб ретінде өз-өзін әлемдік деңгейде көрсетуде. Бүгінгі күні елімізде 31,5 мыңнан астам шетелдік студент білім алуда. Бұл біздің тарихи рекордымыз. Алғашқы рет осы оқу

жылында Азиядан келген студенттердің саны Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерінен келген студенттер санынан асып түсті.

Президент министрліктің алдына 2029 жылға дейін 100 мың шетелдік студентті Қазақстанда оқыту бойынша үлкен мақсат қойып отыр.

Қазір біз 40-тан астам серіктеспен қол қойдық. Қазақстанда қазір 33 үлкен филиал ашылды.

Бұл конвенцияны ратификациялау Қазақстанға қандай мүмкіндіктер береді?

Біріншіден, отандық жоғары оқу орындарының білім қызметтерін экспорттау нарығын кеңейтеді. Қазір осы елдерден бізге студенттер көп келе бастады. Қытайдың өзінен биылғы оқу жылында 2 мыңнан астам студент келді. Қазақстанда берілген дипломдардың сол елдерде танылуы да бізге үлкен артықшылық.

Екіншіден, ұлттық жоғары білім жүйесіне халықаралық сенімді нығайтады. Қазіргі таңда біз бүкіл Еуропа елдерімен Лиссабон, Болон процесінің аясында осындай ынтымақтастық орнаттық. Енді алпауыт Азия өңірімен де дәл осындай ынтымақтастықты орнатамыз.

Үшіншіден, Қазақстанда алынған дипломдарды Азия-Тынық мұхиты өңірінде тануға қойылған кедергілерді жойылады.

Төртіншіден, заманауи білім беру тәжірибелері мен технологияларын алмасуға жағдай жасалуда.

Біздің негізгі мақсатымыз – Қазақстанда берілген дипломдарды бүкіл әлемде тану қағидаттарын сақтау, кепіл ету.

ЮНЕСКО тарапынан жаһандық дипломдарды тану конвенциясы бар, бірақ оған Қазақстан әлі қосылған жоқ. Енді осы қадам әлемде біздің дипломдарымыздың танылуына бір үлкен қадам болмақшы.

Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 2) және 5) тармақшаларына сәйкес шарт ратификациялауға жатады.

Шарт жобасы жария талқылаудан өтті. Барлық сараптамалық қорытындылар алынды, сондай-ақ барлық мемлекеттік органдардың келісімдері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысы бар.

Құрметті депутаттар, жоғарыда айтылғандардың негізінде «Жоғары білім саласындағы біліктіліктерді тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Әлішев Қазыбек Құрманғалиұлы.

ӘЛІШЕВ Қ.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым баяндамашыға.

Құрметті Саясат Нұрбекұлы! Қарастырылып отырған конвенция Азия-Тынық мұхиты өңірі елдері арасында жоғары білім беру саласындағы дипломдарды тану рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған. Бұл Қазақстанға білім сапасына деген сенімнің бірыңғай халықаралық кеңістігінің бір бөлігіне айналуға мүмкіндік береді.

Осыған орай екі сұрағым бар.

Бірінші. Қазақстан Республикасында шетелдік дипломдарды танудың қолданыстағы тәртібі қандай?

Екінші. Токио конвенциясы ратификацияланғаннан кейін қандай нақты өзгерістер күтіледі? Рақмет.

НҰРБЕК С. Сұрақтарыңызға рақмет.

Қазіргі таңда оның нақты процедурасы бар. Шетелдік дипломдарды тану мәселесіне біздің министрлік жауапты. Құзыретті орган – Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы. Кез келген азамат дипломды электронды форматта да, қағаз жүзінде де тапсырады. Оны «eGov» арқылы да тапсыруға болады. Ол мемлекеттік қызмет ретінде қалыптасқан электронды қызмет. Оның белгілі мерзімі бар. Біздің орталық екіжақты конвенциялар, екіжақты келісімдер бойынша жұмыс істейді. Мысалы, Еуропа елдерінің өз ақпараттық жүйелері бар, сол жүйе арқылы дипломдардың қазақстандық стандарттарға сәйкестігін тексеріп, нострификациялау құжатын азаматқа қайтарып береді.

Конвенция ратификацияланған жағдайда біз енді Азия-Тынық мұхитында дәл осындай процедурамен тікелей жоғары оқу орындарына шықпаймыз. Мысалы, Қытайдың осындай ұлттық ақпараттық орталығы бар. Біздің ақпараттық жүйеміз екеуін сәйкестендіреді. Бұл процедура өте тез, тиімді және сапалы түрде өтетін болады. Енді біз бұрынғыдай жоғары оқу орнына тікелей шығып хат алмаспаймыз, ұлттық жүйелер арқылы процедуралық жұмыстарды атқаратын боламыз. Яғни, бұл біздің азаматтарымызға да, шетелден келген азаматтарға да өте тиімді процедура.

ТӨРАҒА. Депутат Мәмбетов Еркебұлан Нұрмағамбетұлы.

МӘМБЕТОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован докладчику.

Уважаемый Саясат Нурбекович! Казахстан при ратификации конвенции подписал ее с оговоркой в части, касающейся признания квалификаций, полученных по нетрадиционным моделям обучения, и признания в зачет частичных учебных курсов.

В то же время принят Закон Республики Казахстан «О профессиональных квалификациях», который впервые ввел возможность признания компетенций не только на основании диплома, но и через подтверждение профессиональных навыков и опыта.

В этой связи возникает закономерный вопрос: почему мы подписали соглашение с названной оговоркой, не будет ли такая оговорка противоречить закону, где мы уже подтверждаем навыки и квалификации через признание компетенций? Рақмет.

НҰРБЕК С. Большое спасибо за вопрос.

Действительно, конвенция делает оговорку, что страны, которые присоединяются к ней, могут не принимать определенные положения, статьи, поэтому здесь противоречия нет.

Мы внимательно изучили и приняли решение, что четыре статьи и шесть положений не будем ратифицировать. Почему? Есть статьи, которые обязывают стороны принимать нетрадиционные квалификации (подмастерья, приходские школы, какие-то религиозные моменты, семейные традиции), разные форматы неформального образования, которые распространены в Юго-Восточной Азии. На первый взгляд, можно было бы согласиться, но, проанализировав глубже, мы поняли, что нам придется брать на себя обязательство признавать квалификации нетрадиционных, нестандартных форматов, которые в нашем законодательстве отсутствуют.

Мы пошли безопасным путем, что будем признавать формальное образование, дипломы, выданные государственными и частными образовательными учреждениями, лицензируемыми на территории этих государств. От нетрадиционных форматов, которые не присутствуют в нашем законодательстве, мы решили пока воздержаться.

Здесь главная задача – не потерять качество, не размыть его и придерживаться тех принципов и стандартов, которые присутствуют в национальном законодательстве.

ТӨРАҒА. Депутат Амантайұлы Жарқынбек.

АМАНТАЙҰЛЫ Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым баяндамашыға.

Құрметті Саясат Нұрбекұлы! Өте маңызды, өте қажетті заң.

Қазақстан қазірдің өзінде біліктілікті өзара тану туралы бірқатар халықаралық келісімдерге, атап айтқанда, 2023 жылы қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің ғылыми дәрежелерді тану туралы келісіміне қатысуда. Қазір Қазақстан Токио конвенциясына қосылып отыр. Ол көптеген елдерді және басқа тану тетіктерін, соның ішінде тек кәсіби емес, академиялық біліктіліктерді де қамтымақ. Осылайша біздің мемлекет отандық дипломдарды танудың екі жүйесіне қатысушы болып отыр.

Токио конвенциясы мен Еуразиялық экономикалық одақ және ТМД елдері шеңберіндегі дипломдарды тану туралы қолданыстағы келісімдердің өзара іс-қимылы қалай жасалады? Және Қазақстан білім беру құжаттарын тану кезінде екі тетікті де қалай ескеретін болады? Осы туралы айтып берсеңіз.

НҰРБЕК С. Сұрақтарыңызға рақмет.

Біздің негізгі мақсатымыз – Қазақстанда берілген дипломдардың бүкіл әлемге таныту. 1998 жылы, оның алдында да біз Болон процесіне, яғни Лиссабон процесіне қосылдық. Бұл бүкіл Европа аймағына біздің дипломдарымыздың танылуына себепші болды. Өзіңіз айтып кеткендей, екі жыл бұрын Еуразиялық одақта да дипломдарымыздың танылуына және ғылыми дәрежелердің бір-бірін тануға себепші болды, оның негізін қаладық. Қазір Азия-Тынық мұхитына да қосылып жатырмыз.

Бұл процестер бір-біріне ешқандай қайшылық жасамайды. Біздің біртұтас ұлттық орталыққа кез келген дипломды, айталық, Қытайдың азаматы Қазақстанға келіп оқыды,

Қазақстан дипломын алды, Қытайға қайтып барғанда сол дипломның танылуының негізгі процедурасы қабылданады. Мысалы, Қытайдың азаматы Қазақстанға келіп жұмыс істеуге немесе оқытушы болғанда, сондай-ақ Жапониядан, Австралиядан келген жағдайда да оның сол елден алған дипломдарын Қазақстанда растаймыз. Бұл процедура біркелкі жүйе арқылы жүргізілетін болады, толыққанды ақпараттық желіге қосылатын боламыз. Сондықтан екіжақты процесс жүйелі, ашық түрде болады және тез арада дипломдардың расталу кепілі қаланады.

ТӨРАҒА. Депутат Мұқаев Дәулет Төлеутайұлы.

МҰҚАЕВ Д.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым баяндамашыға.

Конвенция Біліктілікті тану мәселелері жөніндегі ұлттық ақпараттық орталық құруды көздейді. Бұл орталық біздің білім беру жүйемізге халықаралық деңгейде ашықтық пен сенімді қамтамасыз етудің негізгі құралы болуы тиіс. Осыған орай бірнеше сұрақ туындап отыр.

Бірінші. Қазақстанда ұлттық ақпараттық орталықтың жұмысын қалай ұйымдастыру жоспарланып отыр?

Екінші. Халықаралық стандарттарға сәйкес тану рәсімдерінің ашықтығы мен сапасын қамтамасыз ету үшін ресурстар көзделген бе?

Үшінші. Қосымша қаржыландыру талап етілмей ме? Рақмет.

НҰРБЕК С. Рақмет.

Қазіргі таңда министрлікке тәуелді Ұлттық жоғары білім сапасын қамтамасыз ету орталығы бар. Нострификация, апостиль, халықаралық тану процедуралары осы ұлттық орталық негізінде жүргізіледі. Енді конвенцияның аясында біз Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі 13 елдің дәл осындай ұлттық орталықтарына қосыламыз. Қосымша ақпаратты талап етпейді, керісінше, осы конвенцияның аясында біздің ұлттық орталыққа әдістемелік-ақпараттық оқыту, біліктілікті арттыру көмегі көзделген. Яғни, біз сарапшыларымызды қосымша оқытамыз және 13 елдің дәл осындай ұлттық орталықтарымен біртұтас жүйеге кіретін боламыз. Сондықтан еліміз үшін, азаматтарамыз үшін мүмкіндіктер мол. Қосымша қаражат көзделмеген.

ТӨРАҒА. Депутат Пономарев Сергей Михайлович.

ПОНОМАРЕВ С.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован докладчику.

Уважаемый Саясат Нурбекович! Ратификация Токийской конвенции позволит признавать казахстанские дипломы такими странами, как Япония, Республика Корея, Австралия, Китай и многие другие. Конечно, это важный шаг на пути повышения конкурентоспособности отечественного образования и укрепления репутации наших вузов на международной арене. В то же время это вызов для отечественных вузов, при этом сохраняется очень высокая вероятность оттока квалифицированных кадров за рубеж.

В связи с этим у меня вопрос: какие конкретные меры и механизмы планирует применить ваше министерство для предотвращения оттока квалифицированных кадров и удержания казахстанских талантов? Рақмет.

НҰРБЕК С. Спасибо большое за вопрос.

Мы уже несколько лет системно работаем, чтобы создать максимально хорошие условия для нашего профессорско-преподавательского состава, с 2020 года поэтапно увеличивали заработные платы, этот процесс еще идет, в том числе в рамках предвыборной платформы партии «AMANAT».

Сейчас наши университеты уверенно растут по показателям. Буквально недавно были опубликованы рейтинги QS и Times Higher Education, мы сделали очень качественный скачок, наши вузы присутствуют в ТОП-200 по рейтингу QS, Назарбаев Университет активно продвигается.

Работать в престижном и высокорейтинговом университете – это тоже большой плюс, большая выгода для любого профессора или преподавателя. Иностранные профессоры начали приезжать к нам, порядка 100 ученых вернулись в последние несколько лет в Назарбаев Университет (Дос Сарбасов, Нуршат Нураже) из больших, серьезных университетов.

Еще один большой вопрос – это инфраструктура. Мы активно вкладываемся в инфраструктуру. Молодым ученым выдано порядка 500 квартир, в рамках льготного кредитования отдельно при прямой поддержке Главы государства – 200 квартир. То есть предоставляются большие социальные и инфраструктурные пакеты.

Мы четко понимаем, что нужно нашим преподавателям, какие нужно создавать условия, чтобы ученые возвращались. Порядка 40 очень сильных рейтинговых зарубежных университетов открывают свои кампусы, филиалы в Казахстане – это тоже большая точка притяжения.

Небольшая статистика. Если пять лет назад было порядка 20 тысяч ученых, научно-технических работников, зарегистрированных в Казахстане, то на начало 2025 года – уже 25,5 тысяч, то есть молодежь возвращается в науку, возвращаются даже ученые, которые ушли в свое время из науки. Мы видим не отток, а приток в нашу систему высшего образования.

Конечно же, будут определенные моменты, когда нам надо будет конкурировать с китайскими университетами, которые очень сильно выросли и в рейтингах, и по инфраструктурным возможностям. Мы готовы к конкуренции, и зарубежные филиалы дают нам определенную имиджевую составляющую.

При поддержке Министерства иностранных дел у нас запускается большая программа «Study in Kazakhstan» по привлечению 100 тысяч зарубежных студентов в Казахстан. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Саясат Нұрбек, рақмет сізге. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы депутат Тау Нұргүлге беріледі.

ТАУ Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! «Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Заңның жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі 2025 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізді.

Аталған конвенция 2011 жылғы 26 қарашада Токио қаласында ЮНЕСКО аясында қабылданды. Бұл құжат академиялық және кәсіби мобильділікті кеңейтуге, дипломдар, дәрежелер мен өзге де біліктіліктерді тануды жеңілдетуге, сондай-ақ оларды бағалауда ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Бүгінгі күні конвенцияның тараптары болып отырған 12 мемлекет бар, олар – Ауғанстан, Армения, Австралия, Қытай, Фиджи, Қасиетті Тақ, Жапония, Моңғолия, Жаңа Зеландия, Корея Республикасы, Ресей және Түркия.

Қазақстан конвенцияға қосылуы арқылы:

біздің азаматтардың дипломдары мен біліктіліктерін Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерінде тануды едәуір жеңілдетуге;

студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділік мүмкіндіктерін кеңейтуге;

ұлттық білім беру жүйесіне халықаралық сенімді арттыруға;

азаматтардың шетелде жұмысқа орналасуы кезінде құқықтарын қорғаудың қосымша кепілдіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар конвенцияны ратификациялау кезінде Қазақстан Республикасы бейресми оқу үлгілері арқылы алынған біліктіліктер мен ішінара оқу курстарын тануға қатысты 4-баптың 7-тармағына, 5-баптың 1, 2, 3-тармақтарына, 6-баптың 3-тармағына және 8-баптың 4-тармағына ескертпе жасайды.

Бұл келісімде адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын шектейтін нормалар қамтылмайды.

Заң жобасы жұмыс тобының және комитеттің отырыстарында жан-жақты талқыланды. Барлық комитеттер оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер! Сіздерден «Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдап, оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жіберу үшін қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Тау Нұргүл, рақмет сізге.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлына беріледі.

БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Б.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған біліктіліктерді тану жөніндегі Токио конвенциясы Қазақстан білімінің болашағы үшін тек құқықтық емес, сонымен қатар

стратегиялық маңызы бар құжат. Себебі бұл конвенция біздің студенттердің, ғалымдар мен оқытушылардың дипломдары мен дәрежелерін Жапония, Оңтүстік Корея, Австралия, Қытай және басқа да елдерде өзара танылуына жол ашады.

Бүгінде дәл осы мемлекеттер инновациялар, цифрлық технологиялар және «жасыл» экономика салаларында даму қарқынын айқындаушылардың қатарында. Егер біз Қазақстан жастарының үздіктерден үйреніп қана қоймай, осы кеңістікте тең дәрежеде еңбек еткенін қаласақ, онда біліктіліктерді тану жүйесінің толыққанды бөлігіне айналуымыз қажет.

Конвенцияны ратификациялау тек мәртебе мәселесі ғана емес, сонымен қатар біздің білім беру жүйемізге деген сенім мәселесі.

Қазақ университеттерінің дипломдары Токио, Сеул, Бейжің немесе Сиднейде мойындалатын болса, бұл біздің жүйеміздің жетілгендігін көрсетеді, елдің халықаралық беделіне салынған инвестиция болады.

Құрметті әріптестер! Токио конвенциясы бұл Қазақстанда алынған білімнің Азия-Тынық мұхитының барлық кеңістігінде бағалануы, әр қазақстандық азаматтың дипломының шекарасыз танылатынын сезінуі үшін жасалған қадам.

Осыған байланысты мен сіздерді аталған заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заңды қабылдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын, құрметті әріптестер.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 91. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Балабиев Қайрат Рахымұлына беріледі.

БАЛАБИЕВ Қ.Р. Құрметті Ерлан Жақанұлы, қадірлі әріптестер! Аталған заң жобасы кейбір заңнамалық актілерді Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Конституциялық Соттың нормативтік қаулысына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы Конституцияға сәйкес келмейді деп танылды.

Конституциялық Сот мемлекеттік қызметшілерге теңестірілген адамдарға қатысты қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер олардың кәсіпкерлікпен айналысу еркіндігіне құқықтарын бұзатынын анықтады.

Осыған байланысты заң жобасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мәселелерін реттейтін заңнамаға бірқатар түзетулер енгізу көзделген. Атап айтқанда, мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметпен айналысуға тыйым

салуға байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қолданылатын лауазымды адамдардың шеңбері нақтыланады. Бұл шектеулер республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда, коммуналдық кәсіпорындарда, коммуналдық мемлекеттік мекемелерде басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлғалар болып табылатын мемлекеттік қызметшілерге теңестірілген адамдарға қолданылмайды.

Сонымен қатар мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың, коммерциялық ұйымдардың мүлкін сенімгерлікке басқару шарты бойынша ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының 5 пайызынан аспайтын көлемде сенімгерлік басқаруға берудегі міндеттемесі алынып тасталады.

Сондай-ақ сенімгерлік басқаруға беруге жатпайтын мүліктің тізбесі цифрлық активтерді толықтырылады.

Келісімшарт бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметшілерге де осындай құқық беріледі.

Сонымен бірге заң жобасында Үкімет мүшелері үшін өз меншігіндегі тұрғын үйді жалға беру бойынша шектеулерді болдырмайтын нормалар көзделген.

Бұдан басқа бірқатар заңнамалық актілерді Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіруді көздейтін Конституциялық Соттың шешімдерін іске асыруға бағытталған өзге де түзетулер енгізілген.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Әділет, Ұлттық экономика, Қорғаныс министрліктері, Ұлттық Банк және басқа да мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының және бас комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Баяндалғанның негізінде, құрметті әріптестер, осы заңды қабылдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қайрат Рахымұлы.

Әріптестер, бас комитеттен осы заңды қабылдап, Сенатқа жіберу жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 90, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Қалықов Арман Қобыландыұлына беріледі.

ҚАЛЫҚОВ А.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауларында айтылған тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Парламент Мәжілісі заң жобасын 2025 жылдың 12 қарашасында бірінші оқылымда мақұлдады.

Индустриялық сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру заң жобасының негізгі мақсаты болып табылады.

Заң жобасын екінші оқылымға дайындау барысында депутаттар, жұмыс тобы және бас комитет заң жобасының ережелеріне бірқатар өзгерістер енгізуді ұсынды.

Депутаттардың ең маңызды түзетулерінің бірі – Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы тек мемлекеттің меншігінде болуы.

Бұл аталған платформаның құрамында стратегиялық маңызды мемлекеттік ресурс болып саналатын геологиялық ақпараттың болуына байланысты. Сондықтан оның тұтастығын, қолжетімділігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нормаларды заңда бекітуіміз қажет.

Бұдан бөлек Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету геология саласындағы ұлттық операторға жүктелген және депутаттар геология саласындағы ұлттық оператор жекешелендіруге жатпайтынын көздейтін екінші аса маңызды түзетуді енгізді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі аталған түзетулерді қолдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтқан тапсырмасын іске асыру мақсатында депутаттар сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесін 70 пайызға дейін ұлғайтуға бағытталған түзетулерді ұсынды.

Также депутатами были внесены поправки, предусматривающие:

введение выдачи разрешительных документов недропользователям на добычу полезных ископаемых из техногенных минеральных образований, расположенных на территориях населенных пунктов и прилегающих к ним землях, с обязательными условиями по вывозу и переработке техногенных минеральных образований, а также ликвидации последствий добычи и изъятия техногенных минеральных образований;

увеличение порога инвестиций до 70-миллионнократного размера месячного расчетного показателя по соглашениям о переработке твердых полезных ископаемых;

предоставление инвестиционных преференций по соглашениям о переработке твердых полезных ископаемых, связанных с модернизацией, расширением и реконструкцией действующих производств;

продление до 1 января 2029 года нормы по предоставлению права на разведку или добычу общераспространенных полезных ископаемых, используемых для строительства и ремонта дорог, находящихся в государственной собственности, а также для реконструкции и ремонта гидросооружений и гидротехнических сооружений;

включение в состав комиссии по подписанию актов ликвидации последствий недропользования по углеводородам и урану, а также консервации участков недр по углеводородам представителей уполномоченных органов в области промышленной безопасности и изучения недр;

направление на изучение состояния государственного фонда недр не менее 50 процентов средств, поступивших от суммы подписных бонусов, установленных Налоговым кодексом Республики Казахстан.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасының тұжырымдамасын қолдайтын оң қорытындыларын берді.

Осыған байланысты «Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды және Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жіберуді ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Арман Қобыландыұлы.

Әріптестер, бас комитеттен осы заңды қабылдап, Сенатқа жіберу жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз болмаса осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 90. Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Зайыт Ринат Рифхатұлына беріледі.

ЗАЙЫТ Р.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасын Парламент депутаттары археологиялық қызметті ретке келтіру бөлігінде бастамашылық етті. Заң жобасының негізгі ережелері:

бірінші – тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау жүйесін өзгерту және лицензиялардың жаңа түрлерін беруге қойылатын біліктілік талаптарын қайта қарау;

екінші – археологиялық жұмыстар барысында анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері туралы барлық мәліметтерді жинақтау үшін Археологиялық жұмыстар бойынша бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйені құру;

үшінші – жаппай археологиялық олжалар мен материалдарды орталықтандырылған түрде жинау, орналастыру және сақтау мақсатында мемлекеттік қор мен ұлттық депозитарий құру.

Жұмыс барысында жұмыс тобының мүшелері заң жобасының нормаларын жақсарту және елдің тарихи-мәдени мұрасын сақтау бойынша жаңа ұсыныстар енгізуде ауқымды жұмыс жүргізді.

Атап айтқанда:

археологиялық жұмыстарды олардың ерекшеліктері мен қаржыландыру тетігін ескере отырып, жоспарлы және жоспардан тыс археологиялық жұмыстарға бөлу;

тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және пайдалану жөніндегі қолданыстағы ұйымдардың қызметінің бірыңғай тәртібін айқындау;

археологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде техникалық құралдарды пайдалану тәртібін реттеу;

археологиялық жұмыстар барысында анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері үшін қорғау аймақтарын белгілеу және басқа да нормалар.

Балалардың құқықтарын қорғау мақсатында заң жобасында кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін көрсететін қосымша білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормалар да көзделген.

Салалар ауқымының кеңеюін ескере отырып депутаттар заң жобасының атауын мынадай түрде өзгерту туралы ұсыныс енгізді – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және білім беру-сауықтыру қызметтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Осы кезеңде министрліктердің өкілдері, сарапшылар және депутаттар қатысқан жұмыс тобының он отырысы және комитеттің кеңейтілген екі отырысы өткізілді.

Құрметті әріптестер, айтылғандарды ескере отырып осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ринат Рифхатұлы.

Әріптестер, бас комитеттен осы заңды қабылдап, Сенатқа жіберу жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз болмаса осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 88. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, сонымен күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап болдық. Енді депутаттық сауалдарды жариялауға көшеміз.

Сөз депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Рақмет, құрметті Төраға.

Депутаттық сауал Премьер-Министр Бектеновке жолданады.

«Өткен жылы біз, «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары, отандық тауар өндірушілерді қолдау, өнеркәсіпті дамыту және импортқа тәуелділікті төмендету мақсатында тауарлардың шығу тегін анықтау мәселелеріне қатысты заң жобасын бастамашылық еткен едік.

Аталған заң нормаларына сәйкес 2026 жылдан бастап СТ-KZ нысанындағы сертификаттар мен индустриялық сертификаттардың орнына Қазақстандық тауар өндірушілердің бірыңғай тізілім енгізіледі. Бұл бастама заманауи технологияларды

пайдалануға, ашықтықты арттыруға және өндірісті жергілікті деңгейде дамытуға бағытталған.

Бизнес қауымдастығы жүйенің ашық әрі тиімді болу идеясының өзін қолдайды, алайда оның іске қосылуына қатысты бірқатар елеулі тәуекелдер мен жүйенің дайын еместігін атап өтуде.

Бүгінгі таңда тізілімнің толыққанды жұмыс нұсқасы ұсынылмаған, өтінім беру алгоритмі жарияланбаған, ал «Qazindustry» акционерлік қоғамы тарапынан нақты регламент пен іске қосу мерзімдері әлі белгіленбеген. Соның салдарынан қазіргі жүйеге қатысып отырған шағын және орта бизнес субъектілері жаңа форматқа көшу тәртібін түсінбей отыр.

Тізілім ережелерінде көзделген техникалық және қаржылық тұрғыдан ауыр талаптар көптеген шағын кәсіпорындар үшін орындалмайтын деңгейде.

Сонымен қатар өндірістік процестер мен технологияларға сыртқы қолжетімділік коммерциялық ақпараттың таралуы мен өнеркәсіптік тыңшылық қаупін арттырады. Бұл әсіресе инновациялық шешімдерді енгізіп отырған кәсіпорындар үшін үлкен қауіп төндіреді. Аталған талаптар өнеркәсіптік саясаттың негізгі мақсаттарына, шағын және орта бизнестің қатысу үлесін кеңейту мен өндірісті жергіліктендіруді дамыту қағидаттарына қайшы келеді.

Бұдан бөлек, жұмыстар мен қызметтердің шығу тегін растау тәртібі де әлі нақты айқындалмаған, бұл құқықтық олқылықтар мен отандық жеткізушілердің мемлекеттік қолдау бағдарламаларынан шеттетілу қаупін туғызады.

Жүйелі сипаттағы негізгі мәселелердің қатарында мыналар бар:

ақпараттық жүйенің мемлекеттік сатып алу порталдарымен интеграциясының болмауы;

цифрлық верификация критерийлерінің ашық еместігі және комиссиялардың жұмыс алгоритмдері мен мүдделер қақтығысын болдырмау нормаларының аздығы.

Мемлекет басшысы өнеркәсіптік саясат отандық өндірісті дамытуға бағытталуы тиіс, жаңа кедергілер туғызбауы қажет дегенді бірнеше рет атап өткен болатын. Алайда бүгінде кәсіпкерлер тарапынан белгісіздік, алаңдаушылық және мемлекеттік органдармен тиімді диалогтың жоқтығы байқалады.

Осыған байланысты біз тізілімінің ақпараттық жүйесін уақытылы іске қосу және толыққанды тестілеуден өткізу қажет деп санаймыз. Егер жүйе 2026 жылға дейін толық дайын болмаса, CT-KZ және индустриялық сертификаттардың қолданылу мерзімін платформаның толық іске қосылғанына дейін ұзарту керек деп ойлаймыз.

Сонымен бірге бизнес және салалық қауымдастықтар үшін тізілімінің ашық таныстырылымын өткізу керек.

Соңғысы. Тізілім ережелерін қайта қарап, шағын және орта бизнеске артық әкімшілік және техникалық ауыртпалықтар туғызатын талаптарды алып тастау және «Qazindustry» акционерлік қоғамына тізілімді енгізудің егжей-тегжейлі жоспар-графигін, интерфейстердің сипаттамасын және өтінім берушілерге қойылатын талаптарды ұсынуды міндеттеу қажет.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Ерубаев Серік Сәрсенұлына беріледі.

ЕРУБАЕВ С.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауал Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Жақыповаға.

«Ақ жол» демократиялық партиясына қоныс аудару және бейімделу бағдарламасының тиімсіз жүзеге асырылуына қатысты шағымдар мен өтініштер келіп түсуде.

Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау шараларына және қомақты қаражаттарға қарамастан бағдарлама әлі күнге дейін формалды түрде іске асып, өз мақсатына, яғни қоныс аударушыларды жаңа жерге тұрақтандыру мен солтүстік өңірлердің экономикасына үлес қосу мақсатына жете алмай отыр.

Бағдарламаның басты идеясы көшіп келген адамдарға аяғына тұрып, сол өңірдің қайта жандануына үлес қосуға мүмкіндік беру еді. Алайда іс жүзінде қоныс аударушылар бюрократияға, жұмыссыздыққа, сапасы төмен тұрғын үйге және өз ісімен айналысуға жағдайдың болмауына тап болуда.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы Жолдауында ішкі еңбек көші-қоны мәселесіне жаңа тәсілдер қажет екенін нақты атап өткен болатын. Алайда осы жылдар ішінде Президент тапсырмасы толық көлемде орындалған жоқ. Бағдарлама тек көшу мен тұрғын үй жалдауға берілетін субсидиялармен шектеліп отыр. Олар азаматтарға тұрақты табыс әкелмейді және жаңа жерде қалыптасуға ынталандырмайды.

Мысалы, шағын бизнес немесе шаруа қожалығын ашу үшін қоныс аударушыларға бастапқы капитал, жер телімі және кеңес беру көмегі қажет. Бірақ мұндай қолдау түрлері бағдарламада қарастырылмаған.

Атқарушы билік жер бөлмейді, инфрақұрылыммен қамтамасыз етпейді, ал «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ы мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ы арқылы берілетін микронесиелер кепілзаты мен несие тарихы жоқ қоныс аударушылар үшін қолжетімсіз болып отыр.

2025 жылғы 1 қазандағы есеп бойынша бағдарлама аясында барлығы 5 мың 213 адам, оның ішінде 1 мың 725 қандас қоныс аударған. Көп жылдар бойы қомақты бюджет қаражаты жұмсалған бағдарлама үшін бұл өте төмен көрсеткіш.

Одан бөлек қоныс аударған азаматтардың едәуір бөлігі тұрақтай алмай сол өңірлерден кетіп жатыр. Бұл бағдарламаның тиімсіз және жүйелі тәсілдің жоқтығының бір дәлелі. Ал 2024 жылғы енгізілген өзгерістерге сай қоныс аударушылар бес жыл ішінде өңірден кетсе, берілген көмекті қайтару талабы да үлкен түсінбеушілік туғызуда. Бұл тарапта мемлекет азаматтарды өздері өмір сүруге және еңбек етуге жағдай жасамағаны үшін жазалап отырған сияқты.

Шын мәнінде кінә адамдарда емес, жұмыс орындарының жоқтығында, болашаққа сенімсіздікте, тұрғын үйдің сапасыздығында және өз ісін бастауға мүмкіншіліктің болмауында. Егер адам өз еңбегінің жемісін көріп, сол ортаға бейімделіп жатса, онда ол адамдар ешқайда кетпес еді.

«Ақ жол» партиясы жаңа жерде бейімделудің ең тиімді құралы табысты кәсіпкерлікпен айналысу деп есептейді. Сондықтан мемлекет тіршілік етуге ғана жететін субсидия беруден гөрі, кәсіпкерлік бастаманы қолдауға көшу қажет деп есептейміз.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясы келесіні ұсынады.

Бірінші. Қоныс аудару бағдарламасын қайта қарап, кәсіп ашуға немесе шаруа қожалығын құруға ниетті қоныс аударушылар мен қандастарға арналған микронесиелер және гранттық қолдау бағдарламасын әзірлеп, қолданысқа енгізу.

Екінші. Қоныс аударушыларға тек тұрғын үйге ғана емес, шағын өндіріс пен ауыл шаруашылығына арналған жер телімдерін беру мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Үшінші. Өз ісін ашамын деген қоныс аударушы кәсіпкерлерге алғашқы жылдары салықтық және әкімшілік жеңілдіктер қарастыру.

Төртінші. Аймақтық жұмыспен қамту орталықтары, бизнес қауымдастығы және әкімдер арқылы шағын бизнесті сүйемелдеу мен тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру.

Құрметпен «Ақ жол» фракциясының депутаттары С. Ерубаев, А. Перуашев, Д. Еспаева, Е. Барлыбаев, Қ. Иса, О. Нұралдинов». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Нажметдинұлы Болатбекке беріледі.

НАЖМЕТДИНҰЛЫ Б. Рақмет, Дания Мәдиқызы.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан О. Бектенову.

«В рамках работы над проектом Строительного кодекса в рабочей группе Мажилиса принята поправка об исключении статьи 38-2 Закона «Об автомобильном транспорте», которая вводит с 1 января 2026 года запрет на движение трехосных самосвалов общей массой свыше 25 тонн. Однако, несмотря на эту законодательную работу, до вступления нормы в силу остается ограниченное время, а риски для экономики и социальной стабильности крайне высокие.

Дискуссии в средствах массовой информации и социальных сетях по этому вопросу показывают, что общество крайне негативно относится к данному решению.

Указанная норма затрагивает около 36 тысяч самосвалов, задействованных в строительстве, дорожных работах, ЖКХ, вывозе мусора и снега, энергетической инфраструктуре, системах водо- и газоснабжения, недропользовании, МЧС и акиматах.

Норма блокирует доступ к дорогам фермерам, которые перевозят зерно, хлопок, удобрения, корма, урожай на элеваторы и переработку, которые в объеме больше, а в массе легче, чем допустимая максимальная норма. Эта категория перевозчиков в большинстве своем даже не знает, что с 2026 года их работа окажется под запретом.

Для аграрного сектора это будет чрезвычайно болезненным ударом, особенно в период уборки урожая, то есть катастрофой.

Введенный запрет означает, что зимой некому будет вывозить снег, коммунальные службы останутся без техники, не будет достаточного количества машин для вывоза грунта, инертных материалов и аварийных работ. Акиматы не смогут выполнять функции по благоустройству, содержанию инфраструктуры и выполнению госзаказов по строительству социальных и инфраструктурных объектов

При этом обществу непонятен двойной подход к этому вопросу, ведь трехосное шасси используется не только в самосвалах, но и в бетономешалках, контейнеровозах, автобусах. Технически это один и тот же автомобиль, но запрет вводится только на

самосвалы. При этом все самосвалы прошли сертификацию, большая часть их была приобретена в лизинг и кредит.

При запрете эксплуатации владельцы теряют доходы, не смогут обслуживать обязательства, попадут в долговую яму. Это создает социальный риск, который напрямую затронет сотни тысяч людей.

В связи с вышеизложенным и в целях предотвращения масштабных последствий просим:

1) представить официальную позицию Правительства по вопросу отмены или приостановления действия статьи 38-2;

2) до 1 января 2026 года принять решение о временном приостановлении действия статьи 38-2 внутренним нормативным актом, чтобы избежать паралича ключевых отраслей.

С уважением, депутаты Мажилиса Н. Сабильянов, Б. Нажметдинұлы». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Баққожаев Анас Ахатұлына беріледі.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Депутаттық сауал Премьер-Министр Бектеновке.

«Құрметті Олжас Абайұлы! «Ауыл» партиясы заманауи экспорттық әлеуеті бар, бірақ, өкінішке қарай, қаңырап бос тұрған ет комбинаттарының қазіргі жағдайына аса алаңдаулы.

Қазіргі таңда Ақтөбе, Алматы, Ақмола облыстарында кеше ғана лентасы қиылған заманауи құралғысы бар, инфрақұрылымы жарап тұрған мекемелердің қарызға батып, қиын жағдайға түсуіне байланысты осы мәселе көтеріліп отыр.

Өздеріңіз білесіздер, Қазақстанда ет өңдеуімен айналысу оңай емес. Ауылдағы мал аулада сойылады, оны таситын жеке тұлғалар, тікелей базарға апарылады, онымен қоса аусыл ауруы аяқтан шалуда. Сонымен қатар жеке тұлғалардан сатып алу барысында қосымша құн салығын төлеуге мәжбүр. Міне, бүгінде осы қиын жағдай ет комбинаттарының дамуына тұсау болуда.

Біздің ойымызша, бұл іске қазіргі таңда әкімдіктердің өздері тікелей араласуы керек. Атап айтқанда, әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларға жергілікті бюджеттен ақша бөліп, осы мекемелерге қаржылық сауықтандыру процесін жүргізу керек деп есептейміз.

Неге олай? Себебі бұл ет комбинаттары облыс әкімдерінің аймағында орналасқан, мал өсірушілер, яғни фермерлерді де осы әкімдіктер жетелейді. Демек, осы екі тарапты бір-бірімен қосып, кластерлік принциппен бе, кооперативтік принциппен бе, әйтеуір ет комбинаттарының шаруашылығын жүргізу жұмыстарын қолға алу керек деп есептейміз.

Заңда белгіленген мерзімде осы талаптың орындалуы бойынша бізге жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен «Ауыл партиясы» фракциясы.

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Сейтжан Кенжеғұл Социалұлына беріледі.

СЕЙТЖАН К.С. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан – Министру искусственного интеллекта и цифрового развития Ж. Мадиеву.

«Глава государства поручил в течение трех лет трансформировать все государственные услуги в цифровой доступности, но Народная партия Казахстана обеспокоена доступностью цифровых технологий, будут ли они доступны в ближайшие три года.

В Казахстане проживает порядка 750 тысяч граждан с инвалидностью, которые большинство услуг получают в онлайн-формате.

В связи с этим Народная партия предлагает:

1) привлекать людей с инвалидностью для проверки цифровых технологий;

2) все технологии проверять (по аналогии с цифровой доступностью) на безопасность;

3) обеспечить финансовыми ресурсами все соответствующие программы.

С уважением, члены депутатской фракции Народной партии Казахстана». Спасибо.

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Сағандықова Ажар Бақытқызына беріледі.

САҒАНДЫҚОВА А.Б. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Депутатский запрос о защите трудовых прав в Казахстане адресован Премьер-Министру Республики Казахстан О. Бектенову.

«Фракция ОСДП обращает внимание на системную проблему чрезмерной совокупной нагрузки, ложащейся на женщин в Казахстане, которая не отражена в действующем трудовом регулировании.

По данным исследований, женщины в Казахстане тратят около 480 минут в день на оплачиваемую работу и еще порядка 240 минут – на неоплачиваемый семейный труд. До 90 процентов ухода за детьми, пожилыми и больными членами семьи выполняют женщины. Таким образом, их ежедневная совокупная нагрузка достигает более 12 часов, что приводит к хронической усталости, эмоциональному выгоранию, снижению качества жизни и повышению рисков для здоровья.

Дополнительную экономическую уязвимость создает гендерный разрыв в оплате труда, достигающий 15 процентов.

Особое внимание требуется женщинам, воспитывающим детей с особыми потребностями и ухаживающим за тяжело больными родственниками. Объем ухода в таких семьях составляет от 6 часов ежедневно – фактически третий рабочий день, не учитываемый трудовым законодательством и не обеспеченный специальными гарантиями.

Международная практика показывает, что сокращение недельной нормы рабочего времени и гибкое распределение часов снижает уровень стресса у женщин и повышает производительность труда.

В национальном законодательстве Республики Казахстан предусмотрены отдельные гарантии, но они не учитывают реального объема неоплачиваемой нагрузки, приводят к снижению заработной платы при сокращении времени, не закрепляют право на уменьшение недельной нормы при сохранении дохода и не выделяют ухаживающих женщин как отдельную категорию, требующую расширенных мер поддержки.

Учитывая вышеизложенное и подтвержденный международный опыт, фракция считает необходимым закрепить в Трудовом кодексе право женщин, совмещающих труд и значительный объем ухода за детьми, больными и пожилыми родственниками (в том числе за детьми с ограниченными возможностями), на сокращенную недельную норму рабочего времени при сохранении заработной платы и социальных гарантий.

Для женщин, ухаживающих за детьми с ограниченными возможностями и тяжелобольными родственниками, предлагается внедрить механизм плавающих часов или дней ухода, которые могут использоваться по мере необходимости, без снижения дохода и ухудшения их правового и социального статуса.

Необходимо разработать подзаконные акты, предусматривающие типовые модели гибких графиков и приоритетное право ухаживающих женщин на дистанционную или смешанную занятость и недопустимость дискриминации при реализации права на сокращение часов.

Фракция также предлагает запустить пилотный проект по сокращенной рабочей неделе для женщин, совмещающих труд и уход. Пилот позволит оценить влияние предлагаемых мер на здоровье женщин, качество ухода, семейную стабильность и производительность труда, а его результаты станут основанием для масштабирования и внесения системных поправок».

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Саиров Ерлан Бияхметұлына беріледі.

САИРОВ Е.Б. Рақмет.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бектеновке.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында: «Еңбек нарығын, әсіресе көші-қон мәселесін реттеу саласында есепке алудың орталықтандырылған жүйесі жоқ», – деп атап өтті.

Мемлекет басшысы миграциялық процестерді мемлекеттік реттеудің тиімділігі төмендігіне де баса назар аударды. Әртүрлі сарапшылардың есебінше Қазақстанның еңбек нарығында 2030 жылы еңбек ресурстарының жетіспеушілігі 1,8 миллион адамға жетуі ықтимал. Қазірдің өзінде еліміздің еңбек нарығында, әсіресе ауылдық жерлерде 900 мың маман жетіспейді.

Қазақстанның халқы жалпы өскенімен, солтүстік, шығыс өңірлерінде депопуляция процестері сезілуде.

2023 жылы елімізде 6 мың 286 ауылдық мекен болса, 2025 жылы 6 мың 179 ауылдық мекен қалған. Екі жылдың ішінде 80 тіректі ауыл жабылған.

Жағдайды реттеу үшін Үкімет келесі кезек күттірмес қадамдар жасауы тиіс.

Бірінші. Солтүстік-шығысқа көшіп келгенде тұрғын үйге арналған экономикалық мобильдік сертификаттарының мөлшерін 2 мың 320 айлық экономикалық көрсеткішке, шамамен 9,1 миллион теңгеге дейін ұлғайту.

Екінші. Көшіп келгеннен кейін азамат үй сатып алуға мемлекеттен алатын көмек мерзімі екі жылға созылып, көшіп кету мерзімі көмек алғаннан кейін бес жылға созу.

Үшінші. Мемлекеттік қаражат есебінен салынған тұрғын үйді жекешелендіру тәртібін қайта қарастыру.

Төртінші. Ауыл шаруашылығы, білім беру салаларында мамандарды тартқан жұмыс берушілерге субсидияларды ұлғайту.

Бесінші.Жұмыс берушілерге «Enbek.kz» порталында жұмыс пен тұрғын үй туралы ақпаратты жариялау міндетін қатаң сақтау. Жарияламағаны үшін тәртіптік жаза қолдану.

Алтыншы. Көшіп келген қандастар мен көшіп келушілер үшін грант беру мерзімін кемінде бес жыл тұру шартымен бес жылға созу.

Жетінші. Жұмыс берушілерге қоныс аударушылар үшін тұрғын үй сатып алу немесе салуға 2 пайыздан аспайтын мөлшерлемемен және 20 жылға дейінгі мерзіммен несие беру.

Сегізінші. Солтүстік-шығыс аймақтарына көшіп келген күндізгі бөлімде оқитын отбасы бар студенттерге «шартты жұмыссыз» мәртебесін беру, оларды квотаға қосу мүмкіндігін қарастыру.

Тоғызыншы. Шетелде тұратын қандастарды солтүстік-шығыс өңірлеріне еңбек күші ретінде тартудың жаңа тетіктерін жасау.

Құрметпен «AMANAT» фракциясының депутаттары». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Сәдібеков Ұласбекке беріледі.

СӘДІБЕКОВ Ұ. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Депутаттық сауал Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Склярға жолданады.

«Құрметті Роман Васильевич! Еліміздегі жануарларға қатысты саясат пен реттеу тетіктерін жетілдіру соңғы жылдары күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Жануарлармен дұрыс жұмыс жүргізілмеуі қоғамдық қауіпсіздікке, адам денсаулығына, санитариялық және экологиялық ахуалға тікелей қауіп төндіруде. Бұған жол беруге болмайды.

Тұрғындар тарапынан қараусыз жүрген үй жануарларының көбейгені туралы шағымдар, әлеуметтік желілердегі резонанстар және осыған байланысты қайғылы оқиғалардың жиілеуі уәкілетті органдар жұмысының жеткіліксіздігін байқатады.

Қадағалау, бақылау, алдын алу және жауапкершілік жүйесі осал. Бұл мәселе енді жай ғана шаруашылық немесе әлеуметтік түйткіл емес, қоғамдық тәртіп және азаматтардың конституциялық құқығы тұрғысынан қарауды талап етіп отыр.

Ресми статистика бұл проблема тереңдеп бара жатқанын айғақтайды. Өткен жылдың өзінде қараусыз жануарлардың салдарынан Алматы облысында 59, Түркістан облысында 36, Абай облысында 34 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл әрбір факт артында адам тағдыры, денсаулық, материалдық шығын, қоғамның мемлекетке деген сеніміне нұқсан бар деген сөз.

Қоғамдық орында төрт түліктің қараусыз жайылуы әдеттегі жағдайға айналып, құқықтық реттеудің әлсіздігін одан әрі көрсетуде. Әлсіз тәртіп жауапсыздықты тудырады. Жауапсыздық қайғылы оқиғаларға әкеледі. Осы бағытта:

үй жануарларын міндетті тіркеу, таңбалау және бірыңғай республикалық цифрлық база құру;

жануарлардың бақылаусыз көбеюін болдырмау үшін аналық жануарларды ұстауға рұқсатнама жүйесін енгізу және рұқсатсыз жағдайда иесінің есебінен міндетті стерилизациялауды заңнамалық түрде бекіту;

қалааралық, ауданаралық маңызы бар жолдарда қауіпсіздікті күшейту;

осы салаға қатысты 2025 – 2027 жылдарға арналған кешенді ұлттық жоспар әзірлеу керек.

Қоғамның өркениеттілігі жануарларға қалай қарайтынымен өлшенеді. Бірақ гуманизм жауапкершілікпен қатар жүруі керек. Жауапкершіліксіз мейірім қауіп тудырады. Біз жануарды қорғап отырып адамды қорғай алмайтын жағдайға жол бермеуіміз керек.

Сондықтан бұл бағыттағы жүйесіздікті жою жедел шешімді талап етеді. Мемлекет жануарларға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастырумен қатар азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі депутат Ұ. Сәдібеков».

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Смолякова Екатерина Сергеевнаға беріледі.

СМОЛЯКОВА Е.С. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Абайұлына жолданады.

«Туризм саласын дамыту аясында мұражайлардың алатын орны ерекше. Туризм және мұражай тығыз байланысты. Олар елдің мәдени имиджін қалыптастыруда және Қазақстанның тарихи мұрасына деген қызығушылықты арттыруда ерекше рөл атқарады.

«Қонақ кеткен соң үй иесі сыналады» дейді. Келген турист елдің тарихын, мәдени мұрасын естіген ауыздан емес, мұражайдағы нақты ақпарат пен мұражайдың кәсіби маманынан алуы тиіс.

ЮНЕСКО деректеріне сәйкес әлемде 104 мыңнан астам мұражай бар. Ал «Statista» халықаралық ұйымының бағалауынша 2025 жылы жаһандық мұражай нарығының табысы шамамен 57 миллиард АҚШ долларына жеткен. Мысалы, Лувр мұражайына жылына 9 миллион адам келсе, оның жылдық бюджеті 200 миллион евроны құраған екен.

Қазақстанда 275-тен астам мұражай жұмыс істейді. Олардың қорында 4 миллионнан астам экспонат бар. Соның ішінде 365 мың жәдігер ұлттық мәдени мұра нысандары болып табылады. Бұл полеолит дәуірінің, Тұранның, Ұлы Жібек жолының, Карлаг тарихының және тәуелсіз Қазақстан қалыптасуының құнды ескерткіштері. Алайда мұражайға деген көзқарас қажетті деңгейде емес.

Ұлықтанбаған Ұлттық мұражай! Қазақтың тарихы, құндылығы және мәдениетінің көрінісі жиналған еліміздің келбеті Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы тек атауында, ресми түрде мәртебесі әлі бекітілмеген. Бұл киелі шаңыраққа деген қиянат.

Келесі мәселе. Әлемге паш еткен елордамызда өлкетану мұражайы жоқ. «Түбін білмеген түгін білмейді» дейді дана қазақ. Әр келген турист Астана қалай пайда болды, тарихы бар ма, өлкетану мұражайы бар ма деген сұрақтарды жиі қояды. «Өткеннің ізі – болашақтың іргесі» дейді. Бұл да ойландыратын мәселе.

Тағы бір мәселе – мұражайлардың қазіргі таңда маркетинг, цифрландыру және коммерцияландыру мүмкіндіктерінің шектеулілігі. Қазақстанда мұражайларды туристер үшін тартымды нысандар ретінде жүйелі түрде насихаттау жұмысы жолға қойылмаған. Мысалы, 2024 жылы елге келген 15 миллион шетелдік туристің ішінде мұражайларды қаншасы аралағаны белгісіз. Сонымен қатар мұражайлардың материалдық-техникалық базасы да алаңдатушылық туғызуда. Ұлттық статистика бюросының дерегіне сәйкес 275

мұражайдың 103-інде жеке интернет-ресурсы жоқ, ал 34-інде интернет қолжетімсіз. Мұражайлардың нарықтағы экономикалық белсенділігін арттыру тікелей осы факторларға байланысты.

Өңірлердегі жағдайға келсек, мәдениет басқармасы, туризм басқармасы және мұражайлар арасында үйлестіру жоқ, әрқайсысы өз бағытымен жеке жұмыс істеп жатыр.

Туризм басқармасы мұражайды дамытпайды, себебі мұражай мәдениет басқармасының құзыретінде, ал мәдениет басқармасы тек мұражайдың жұмыс істеуін, қызметкерлердің жалақысы мен коммуналдық төлемдерін, қауіпсіздігін қамтамасыз етумен шектеледі. Мұражайлардың сайттары ескірген, контент әлеуметтік желілер мен туристік платформаларға мүлдем бейімделмеген.

Өкініштісі, мұражайлар қоғамда бос уақыт өткізу мен мәдени мұраны сақтау орталығы ретінде ғана қабылданады. Ал олардың ел экономикасына қоса алатын үлесі қарастырылмай келеді.

Осыған орай келесі ұсыныстарды қарастыруыңызды сұраймын:

бірінші – Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайына «ұлттық мұражай» ресми мәртебесін беру;

екінші – мұражайларды заманауи техникамен жабдықтау, аудиогидтер, мультимедиялық жүйелер, жасанды интеллект элементтері, LED-экрандармен, интерактивті панельдермен жабдықтау;

үшінші – экономикалық талдау жүргізіп, кейбір мұражайларды шаруашылық жүргізу құқығына беру арқылы коммерцияландыру тетіктерін қарастыру;

төртінші – кәсіби мамандар легін тұрақтандыру үшін мұражай қызметкерлерінің жалақысын арттыруды қарастыру;

бесінші – мұражайларды әр аймақтың өзінің туристік өніміне міндетті түрде интеграциялау;

алтыншы – сертификатталған гидтер үшін тегін кіру мүмкіндігін қарастыру.

Тарих халықтың зердесі демекші, мұражайды дамыту бұл тек тарихи-мәдени мұраны сақтау ғана емес, сонымен қатар ішкі және кірме туризмді дамыту және еліміздің имиджін қалыптастырудың маңызды тетігі.

Құрметпен «Respublica» партиясының фракциясы». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлына беріледі.

ӘЛТАЙ А.Д. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі С.М. Жұманғаринге. Депутаттық сауал.

«Жылқыдан асқан мал бар ма, қымыздан асқан дәм бар ма?», – деп Ақтамберді жырау жырлағандай, төрт түліктің төресі саналатын жылқы түлігін дұрыс ұқсата алмай келеміз.

Жылқы – мінсек көлігіміз, ішсек сусынымыз, дастарханымыздың берекесі, қазанымыздың құты еді. Жылқы еті нарық үшін тұрақты шикізат базасы бола тұра әлі күнге дейін төре түлікке қолдау болмай келеді.

Өкінішке қарай, қара базарларда делдалдарға арзан бағаға сатудан басқа жылқыны пайда көзіне айналдырудың жолы табылмауда.

Балабақшалар мен мектептерді, әскердегі сарбаздарды, өндіріс орындарындағы жұмысшыларды жылқы етімен қамтамасыз ету халықтың денсаулығын реттеудегі аса маңызды қадам болар еді.

«Ас – адамның арқауы» деген сөз бар дана халқымыз. Адам баласының күнделікті тұтынған тағамы денсаулығына ғана емес, дене-бітімінің, мінез-құлқының қалыптасуына да әсер ететінін естен шығармайық. Жылқы етін жеп, қымызын ішіп, сорпасын ұрттамаған ұрпақтың жілік майы толмайды, бойында қуат, кеудесінде намыс пен жігер де болмайды.

Рационды әртараптандырудың нормативтік мүмкіндігі болғанымен, жылқы еті көптеген тапсырыс берушілердің үлгілік тізбелері мен сатып алу ас мәзірлері әдістемелерінде бекітілмеген. Жылқы етіне қатысты бірыңғай техникалық карталар, сапа критерийлері жоқ. Жылқы өнімдерін тікелей шаруадан кооперативтік жүйеде сатып алу мүлде реттелмеген.

Егер жылқы етін нарыққа шығаруда сапалы және тиімді жүйе қалыптастырылса, рациондық құрам жақсарып, нарықтағы жылқы етінің сатылымы тұрақтанып, ең бастысы малмен күн көріп отырған ауыл халқының табысы артатын еді. Мемлекеттік сатып алулардың үлгілік тізбелерінде және техникалық талаптарында жылқы етін жеке позиция ретінде бекіту, сондай-ақ жылқы етін экспорттау мен терең өңдеуді дамыту бойынша кешенді шаралар қабылдауыңызды сұраймын.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып келесі мәселерді ұсынамын.

Денсаулық сақтау және Оқу-ағарту министрліктеріне – мектепке дейінгі ұйымдар, мектептер, колледждер, медицина ұйымдарына арналған үлгілік тізімдерге және әдістемелік ұсынымдарға жылқы етін енгізу.

Қорғаныс министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне және өзге де күштік құрылымдарға – азық-түлік нормаларын түзетіп, сарбаздарды жылқы етімен тамақтандыру мүмкіндігін қарастыру.

Сауда және интеграция министрлігі мен пилоттық өңірлердің әкімдіктеріне – әлеуметтік нысандардың сатып алуларында «қызыл еттің» кемінде 25 – 30 пайызын жылқы етіне алмастыруды көздейтін 12 айлық пилотты іске қосу.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне – фермерлер мен жылқышылардан азық-түлік корпорациясы арқылы тікелей сатып алу тетігін әзірлеу.

Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі уәкілетті органға – жылқы етін сатып алуға арналған үлгілік техникалық тапсырмаларды әзірлеу.

Ет және сүт бағытындағы асыл тұқымды айғырларға және бие сүтіне берілетін субсидия көлемін көбейту.

Үкімет жанынан ведомстволық жұмыс тобын құрып, KPI енгізу жоспарын ұсыну.

Заңнамада бекітілген мерзімде накты жобасын, іс-шараларды беруді сұраймын.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері А. Әлтай, Е. Сатыбалдин, Ж. Әшімжанов, Қ. Әлішев және Аграрлық мәселелер комитетінің мүшелері». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Нұралдинов Олжас Елтайұлына беріледі.

НҰРАЛДИНОВ О.Е. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Депутатский запрос фракции «Ак жол» адресован Премьер-Министру Республики Казахстан О. Бектенову.

«Казахстан активно внедряет цифровые решения в сфере городского управления, в том числе в систему платных парковок. Этот процесс направлен на повышение удобства граждан и оптимизацию транспортных потоков.

Однако на практике в крупнейших мегаполисах – Алматы и Астане – реализация этой идеи вызывает у населения справедливые вопросы.

Первоначально платные парковки создавались для снижения загруженности центра города, но сегодня они массово устанавливаются даже в спальных районах. Жители вынуждены платить за парковку под своими окнами. В результате это становится дополнительным финансовым бременем для тысяч казахстанцев.

Кроме того, в действующей системе отсутствует выбор способа оплаты. Во многих зонах парковки можно оплатить исключительно через QR-код или мобильное приложение. Однако бывают ситуации, когда временно не работает приложение, нет стабильного доступа к интернету или временно заблокирована банковская карта. Единственный выход – оплатить наличными, однако парковочные терминалы, как правило, отсутствуют вовсе.

Вместо предоставления альтернативы таким гражданам система сразу применяет штраф – 4 тысячи тенге за парковку стоимостью 100 тенге.

Между тем законодательство Республики Казахстан прямо предусматривает расчеты как наличными, так и безналичными средствами, следовательно, исключение наличной формы оплаты противоречит правам граждан и принципу доступности.

Напомним, что цифровизация призвана делать жизнь людей удобнее и стирать барьеры, в данном случае, напротив, создаются барьеры и неудобства. К тому же операторы парковок действуют в неконкурентной среде, когда граждане при парковке автомобиля у места работы или своего дома лишены выбора и вынуждены пользоваться услугами конкретного оператора, его системой и его способом оплаты.

Наконец, вопрос прозрачности финансовых потоков. Ежегодно в Астане и Алматы через систему платных парковок собираются миллиарды тенге, но данные о распределении этих средств, объеме поступлений в бюджет отсутствуют в публичном доступе. Граждане не видят, чтобы эти средства возвращались в виде благоустройства или улучшения городской среды.

Если операторы получают право на управление общественным пространством, коим являются и парковки, они обязаны обеспечивать прозрачность перед обществом и уважение прав граждан.

В прежние годы именно платные парковки были одним из предметов коррупционных скандалов старого Казахстана.

В этой связи фракция «Ак жол» считает необходимым закрепить за каждым пользователем два парковочных адреса по льготному тарифу: круглосуточно – по месту проживания и в рабочее время – по месту работы.

Такой подход (по минимальной цене) был применен АО «Казавтожол» для проезда жителей пригородных сел по платным автодорогам именно в связи с их ежедневными поездками на работу в город.

На наш взгляд, аналогичный механизм для оплаты парковок позволит сделать тарифы более справедливыми.

Также считаем необходимым, чтобы каждая парковочная зона была оборудована паркоматами для оплаты любыми средствами, включая наличные, и оснащена камерами видеонаблюдения. Гражданин, оплачивая услугу, должен быть уверен в том, что его автомобиль не просто занимает парковочное место, но находится под наблюдением.

Кроме того, фракция «Ак жол» предлагает раскрыть условия договоров операторов платных парковок с акиматами, провести аудит их деятельности. В случае, если эти договоры являются невыгодными для города, пересмотреть их условия, чтобы главным выгодополучателем был городской бюджет, а не чей-то персональный карман, и обеспечить регулярное публичное раскрытие финансовой отчетности перед маслихатами и прессой». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Нұралин Асылбек Жамашұлына беріледі.

НҰРАЛИН А.Ж. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан О. Бектенову.

«В Послании народу Казахстана Президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев подчеркивал, что развитие отечественной обрабатывающей промышленности является ключевым условием устойчивого экономического роста страны и повышения благосостояния граждан. Этот приоритет отражает необходимость перехода от сырьевой зависимости к экономике глубокой переработки и производства продукции с высокой добавленной стоимостью.

На важность данной задачи последовательно указывают эксперты, предприниматели и представители государственных органов.

Вместе с тем значительная часть производимой минеральной и металлургической продукции продолжает экспортироваться по заниженным ценам и долгосрочным контрактам. Подобная практика ограничивает доступ отечественных перерабатывающих предприятий к сырьевым материалам, снижает их конкурентоспособность и фактически тормозит развитие внутреннего рынка.

Основная причина заключается в отсутствии единой и долгосрочной стратегии развития перерабатывающей промышленности. В текущих условиях отечественному бизнесу необходимы стабильные, прозрачные и долгосрочные правила, создающие реальные стимулы для вложений в переработку и высокотехнологичные производства.

Без активных и системных мер страна ежегодно теряет миллиарды тенге потенциальных доходов и рабочие места, значительный объем природных ресурсов, вывозимых за рубеж в виде сырья.

Фракция Народной партии Казахстана считает, что индустриальная политика требует определенных корректив, а развитие перерабатывающей промышленности должно стать одной из ключевых национальных стратегий.

Для становления сегмента национальных товаропроизводителей, развития экспорта несырьевой продукции и укрепления внутреннего рынка необходимо создание нового промышленного кластера, основанного на экспортоориентированном технологическом обновлении. Это возможно при соблюдении следующих показателей:

1) стимулирование создания современных производств по выпуску продукции с высокой добавленной стоимостью, особенно в регионах размещения градообразующих предприятий;

2) развитие кооперации предприятий реального сектора для формирования новых производственных цепочек и отраслевых кластеров;

3) финансовое и налоговое стимулирование, включая льготные долгосрочные займы предприятиям, развивающим высокие переделы металлов, в том числе редкоземельных, нефти, газа, угля, а также продукции агропромышленного комплекса;

4) наращивание технологических компетенций, повышение квалификации инженерных и рабочих кадров, организация программ стажировок, обучение и обмен опытом с индустриально развитыми странами.

При правильной индустриальной политике добывающий сектор может стать драйвером развития машиностроения, производства технологических компонентов и строительных материалов, сервисных и логистических услуг.

Кроме того, такой вектор развития обеспечит более справедливое распределение доходов от использования природных ресурсов.

Мировой опыт показывает, что переход от сырьевой модели к экономике с развитым перерабатывающим сектором возможен при последовательной государственной политике, стимулировании инноваций и создании благоприятных условий для инвестиций.

Учитывая вышеизложенное, просим Правительство Республики Казахстан рассмотреть следующие предложения:

1) провести всесторонний анализ действующих экспортных контрактов на сырьевые товары и их влияния на развитие внутренней переработки;

2) разработать прозрачный механизм распределения сырьевых ресурсов через единую электронную биржу в целях приоритетного и экономически обоснованного снабжения отечественных перерабатывающих предприятий;

3) подготовить комплексную программу развития перерабатывающей промышленности нового поколения с четкими целевыми индикаторами, финансовыми инструментами, мерами поддержки и действенными механизмами межведомственной координации.

